№4 / тамыз / 2017

САРАСӨЗ

Әдеби-танымдық журнал



Дүйсен ҚАСЕЙІНОВ

Кәсібің - нәсібің / Алаш қозғалысы / Назым сөз / Жазушының жан дүниесі / Тымпи / Насыр сөз / Сахна сөз / Жаңа кітап / Тіл туралы / Өнерім - өмірім / Мәдениет мәйегі / Сөз түзелді / Түркі жұртында / Бабалар аманаты / Бәйтерек / Базына / Ел байлығы / Саңлақ



САРАСӨЗ

Ақылдастар алқасы:
АҚСҰҢҚАР Серік
ӘМІРБЕК Көпен
БЕКБОСЫН Қажыбек
ДОМБАЙ Нұрперзент
ЕРГӨБЕК Құлбек
ИСАБЕКОВ Дулат
ИСАТАЕВ Ержан
ЖИЕНБАЙ Қуаныш
ЖҮНІСБАЙҰЛЫ Несіп
ҚАЛИЕВ Айбек
МӘМЕТ Сүлеймен
ӨСЕРБАЕВ Әліпбек
СӘДІБЕКҰЛЫ Ұласбек
СЕРДӘЛІ Бекжігіт
ТҰРҒАНБАЕВ Асқар
ШОЙБЕКОВ Бекарыс

Бас редактор
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

Дизайны: **Бекжігіт Сердәлі**
Қатегері: **Ләззат Тастанбекова**

Редакцияның мекен-жайы: Түркістан қаласы, Бортөбе көшесі, 33-үй.
Тел: 87028398688, электронды пошта: gulastana100@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы куәлігі №16302-ж 17.01.2017 ж. берілді
меншік иесі:
ЖК «Қыдықбекова Г.К.»

Журнал «Print houze Gerona» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3-үй

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. «Сарасөзде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

Таралымы: 2000 дана

Журнал айына бір рет шығады.

Мұқабада
ТҮРКСОЙ-дың Бас хатшысы
Дүйсен Қасейінов



МАЗМҰНЫ

5 бет:
МӘДЕНИЕТ ЕЛШІСІ

8 бет:
ҰЛЫ ТҮРКІСТАН БІРЛІГІ

11 бет:
ТҮРКІСТАН. ӨЛІАРА

12 бет:
ТҮРКІСТАНДЫ ТЕРБЕТТІ ТҮРКІ ЖЫРЫ

14 бет:
БҰЛАҚТЫҢ БАСЫНДА

16 бет:
ДАЛА МЕКТЕБІ

17 бет:
ТҮРКСОЙ СУРЕТШІЛЕРІНІҢ КӨРМЕСІ

18 бет:
КЕҢ ТЫНЫСТЫ, БОЯУЫ ҚАНЫҚ ӘНШІ ЕДІ

21 бет:
СҮЙГЕН ЖАР

22 бет:
СЕНІМНІҢ САЛМАҒЫ

34 бет:
ДЕГЕН ЕКЕН...

35 бет:
«ДОСЫМНЫҢ КӨҢІЛІН ҚИМАЙ, КОМПОЗИТОР БОЛЫП КЕТТІМ»



Құлбек ЕРГӨБЕК

МӘДЕНИЕТ ЕЛШІСІ

ТҮРКСОЙ-дың БАС ХАТШЫСЫ, ҚАЙРАТКЕР, САЗГЕР ДҮЙСЕН ҚОРАБАЙҰЛЫ ҚАСЕЙІНОВ ТУРАЛЫ СЫР



Дүйсен Қасейінов Бурса қаласының әкімімен бірге

...Жылда бір түрік жұртына ғылыми ізденіспен сапарлап қайтатын әдетім. Былтыр Таулы Алтай өлкесін аралағаным бар. Түркология бастау алатын өңір. Алтай – бауырлас этнос. 70 мың шамасындағы түрік нәсілі. Айнала Алтай таулары. Сапардан сәл бұрылыс болса да Бийск қаласына бұрылдық. Сыңсыған орман. Арша дейсіз бе, шырша дейсіз бе, ақ балтырлы ақ қайың, самырсын, қарағай, қызыл ағаш... құдай-ау бетегелі беткейден белуарлап Алтайдың құзар басына дейін тұнып тұрған көкше сұлулық. Көк бояуды төге салғандай! Мен Алтай тауы баурайында, сыңсыған орман арасында тұрып аға-дос Дүйсен тағдыры туралы ойладым.

Осындай сұлу өңірде жан-дүниесі сұлулыққа мелдектеген сұлу мүсін Дүйсен Қорабайұлы Қасейінов 1947 жылы науырызда жарық дүниеге келген. Әрине, қайда тууды сәби шешпейді. Сәбиге осындай көркем өңір, әсем өлкеде тууды Алла нәсіп етеді. Ташкенттегі әскери училище түлегі, жас офицер Қорабай әскери қызмет бабымен Бийскіге түскен. Бас себепші әкенің әскери қызметі. Бес жасқа дейін Дүйсен ағамыз түріктік тарихымыз туысып жатқан осы Алтай өңірінде өскен. С.Сейфуллиннің дәйектеуіне қарағанда XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары Таулы Алтай өңірінде бес болыс қазақ жайлап жатқан. Бийск ірі облыс орталығы екен. Тіпті Томбының өзі осы Бийскіге қараған. Бийскіде алтай этносын шоқындыратын ірі орталық жұмыс істеген. Бүгінде Бийск табиғат сұлулығы тұнып тұрған Алтай таулары алқалаған әдемі қала. Бәлкім ананың ақ сүтінен кейінгі кейіпкер көңіліне ұялаған сұлулық – осы аяулы Алтайдан болса керек.

1987 жыл шамасында біз Дүйсен Қорабайұлымен Құрманғазы атындағы консерваторияда әріптес болдық. Ол ректор. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы, жастардың орынсыз жазалануы ұлтшыл ректорды шамырқандырды ма, әйтеуір Жоғары мектептің алды болып «Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасын ашты да тастады. Қайыра еске салсақ, 1987 жыл КПСС Орталық Комитетінің «Қазақ ұлтшылдығы туралы» қаралы Қаулысы қабындап тұрған сәт. Бодан елсің. Ұлттан басшы кадр өте-мөте аз. Бас көтердің-ақ, коммунистік империяның жендеттері (оның көбі қазақ) қылтадан қиып тастайды. Міне, сондай қысылтаяң шақта консерватория қабырғасында бұрын-соңды болмаған «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасын ашу сұмдық ерлік. Ол аз болса, Дүйсекең сол жылдары «Халық әні» кафедрасын да Москваға мойын бұрмай (Москваға қарайтын кез.) өз бетінше ашқаны бар. Шынына келсек, бұл да ұлт мүддесі үшін басын бәйгеге тігу! (Шамасы Г.В.Колбинге Желтоқсан қозғалысы ұлт тілі теңсіздікке ұшыраған себебінен деп дәлелдеп, қазақ тілін өркендетуге қол жеткізген Орталық Комитеттің идеология хатшысы Әзбекәлі Жәнібектің ықпалы да болса керек.) Мәдениет министрлігінде қызмет еткен 1975 жылдан таныс-білістігіміздің әсері болар «Социалистік Қазақстан» газетінде қызмет істейтін мені кафедраға шақырды. Кафедра меңгерушісі Байқадамаова. Оның күйеуі шенді қызметкер... Ол басшы, мен қосшы осы жылдары

Дүйсекеңді тіпті жанына үңіліп жақыннан біле түстім. Ол кабинеттік ректор емес. Қолы қалт етсе, Москвамен ақылдаспай ашқан «Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасына келеді. Шамасы, әрі қауіп ойлайды, әрі қуаныш көреді. Әңгімелесеміз. Журналист емеспін бе, сөз арасында тілі орысша шыққан басшымның ана тіліне арнап кафедра ашуына, ұлттық пішіміне ризашылығымды айтып, «оу, бұл ұлтшылдық» қайдан?»-деп сыр тартамын. «Әкей Ташкент училищесін бітірген, офицер болып қызмет еткен әскери кісі,-дейді ол миығын тартып, сұлу мұртын бір сипап қойып - маған не келсе де Анамнан келген болар. Анамның ақ сүтін ақтасам!»

Дүйсеннің анасы Күләй кейуананы көзіміз көрді. Дүйсендей дананы тапқан Анамен Жаңаарқа ауданының 70 жылдық тойында кездесіп кенен бір әңгімелескенім бар... Бүкіл Сарыарқа өңіріне, Ұлытау аймағына аты


ЮНЕСКО-ның Төрайымы Ирина Боковамен

шыққан Байдалы бидің келіні болғандығын мақтан тұтатын жарықтық. Үлкен түрколог Мырзатай Жолдасбеков Президент жанындағы Музейді басқарған жылдары Байдалы бидің шапанын осы біздің Дүйсекең туған-туыстарынан (Хамзе Сәтжановтан) қиылып сұрап алып рестоврация жасатып асыл жәдігерлікті музей бұйымтайымына (экспонат) айналдырғанын біз арнайы жазған едік. («Егемен Қазақстан» 16.02.2008 ж.) Бізге Байдалы би арқылы жетіп отырған қамқа тон хан Абылайдың тоны! Соны сақтаған әулет Дүйсен әулеті болып отыр. Әдетте кеше тас кедейдің ұрпағымын деп мақтанатын қазақ (С.Мұқановтан бастап), бүгін шіріген байдың ұрпағымын деп төс соғады. Әрине, ол әркімнің өз ісі. Алайда, тектілік осындай тарих ісінен, ұлтқа жасалған қызметтен көрініп отыруы керек емес пе?! Дүйсекең арғы тегі Абылай ханмен астасып жататын текті әулеттің жалғасы. Жақсының көзі! Оны өзі біле ме? Білгенде қандай: «Мені жұрт жақсыдан қалған көз дейді, Мені жұрт жақсыдан қалған сөз дейді, Жаман болсам төзбейді, Жақсыдан жаман туған ез дейді...» (М.Мақатаев)-деген өлең жолдарын жанында жұптап жасап келе жатқан жампозымыз!

Қарағандыда мектеп есігін ашу, Тәттімбет училищесінде оқу, Құрманғазы атындағы Консерватория, П.И.Чайковский атындағы Москва Консерваториясында аспирантурадан өту өмірінің тағы бір белесі. Жас маманның қалыптасу жолдары. Балауса Дүйсеннің ұстаздан жолы болған. Алматыда даңқты И.Б.Коган, аспирантурада И.Безродный мен Ю.Янкелевичке шәкірт болу қайталанбас бақыт. Бұлар баяғыда Совет одағын талақ етіп тастап шет ел асып кететін Растроповичтің үзеңгілестері ғой.

Мехикода президенттік оркестр құрылып жатыр екен. Соған скрипкашылар, виоленчистер, альтистер керек екен. Аяулы Ғазиза Жұбановның бағыт беруімен конкурсқа қатысып, оркестрге қабылданды. Сол жолы ғой оркестр құрамында әлемнің 32 елін аралап, айтулы концерт залдарында өнер көрсететіні. Ұзын-ырғасы 82 елде концерт көрсетсе, оның ішінде әлемге әйгілі Корнеги-холл, Гевандхауз, Шаушпильхауз, Концертбаум сияқты әлемге әйгілі концерт залы болса өнерпаз бақыты емес пе?! Бір ғана мысал, Дүйсенге дейін Карнеги-холда қазақ өнерпазы концерт қойып көріп пе, бұрын-соңды?! Әлемнің 82 елін шарлап концерт қойып, жаһан жұртшылығын сүйсіндіру өнерпаз бақыты дегенде міне, осы жайларға сүйеніп айтамыз.

Ректор қызметінде жүргенде қаншама қазақ баласын шет елде оқытуға жоқ қаражатты тауып беріп ықпал еткен де біздің Дүйсекең!

Консерваторияда қазақ әдебиеті пәнінен сабақ берген жылдары өз басым Дүйсен Қорабайұлынан еуропалықмузыкамәдениетіжөнінде көп тәлім алдым. Бір қызық бар. Дүйсекеңнің кімге сеніп батырлық жасап жүргенін кім білсін? Өз басым Дүйсекеңді арқаланып бір кішігірім ерлік жасадым сол жылдары.

Ректор басымен кафедраға келіп, бізбен емен-жарқын әңгімелесіп кететініне қайран қалып жатамыз. Кейін бойымыз оған да үйренді. Әдетте қазақ жағдайында әлдебір мансапқа қолы жетсе атқа мінсе жерді, «таққа» мінсе елді көрмей қалатын басырлық молынан ғой. Мансапты малданып кісі болушылық. Ішкі мәдениеттің кемдігі. Басқа ештеңе де емес. Тіпті ол кісілік емес, кәмек қауын секілді кісімектік.... Ал, Дүйсекең тіпті басқаша басшы. Ол "кісінің азаматтығы, іскерлігі креслоға байланысты емес" – деген сөзді жиі айтатын. Айту бар да, оны ұстану бар. Дүйсекең сөзін айтып қана қоймай, ұстанатын да. Кафедраға келіп халімізді біліп, әңгімелесіп кетеді. Біз ойлаймыз, біздің халімізді біліп жүр деп. Кейін түсіндік, тәуелсіздікке талпынып жүрген қазақ тілінің консерваториядағы халін келіп біліп кетіп жүреді екен-ау. Тәуелсіздікке әлі жетпеген сексенінші жылдардың аяғы. Асылы бәрі басшыға байланысты. Әдетте басшың ақырып-шақырмай-ақ, бетегеден биік, жусанан аласа жүріп те батыл істерге бастамашы бола алады екен. Оны біз сол жылдардағы ректорымыз Д.Қ.Қасейіновтен көріп білдік. Біздің кафедраға ғылыми атағы болмауына қарамастан батыл ана, ана тілінің жанашыры Байқадамованы басшы етті. Ғылыми атағы бар біз Байқадамоваға қосшы болуға қуана келістік. Өйткені, ректорымыз бізге ұлт мерейін көтерер игі істердің төбесін көрсетті... (Бүгінде сол консерваторияда «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының барына күмәнмен қараймын.) Қара басымызға таңбай сөйлесек ол кезде ұлттық патриотизм, бодандықтың әсері ме, қазақтарда сұмдық болатын. Батыл да мәдениетті білімді басшыға арқа сүйегендік қой, замана зәйіліне қарамай оқу орнынан Мағжан Жұмабаев атындағы әдеби бірлестік ұйымдастырып жіберейін... Бірлестіктің алғашқы ісі – Т.Молдағалиев, Қ. Мырзалиев, А.Бақтыгереевамен кездесу өткізу. «Социалистік қазақстан» газетінде жарияланған «Қазақ киносының

ұлттық беті қайда?» (29 май 1987 ж.) аталатын мақаладан, Р.Сейтметовтің – Ш.Мұртазаевтың «Сталинге хат» пьесасы бойынша қойылған спектакльден («Кезең қасіреті және оның көркемдік толғауы» аталатын мақалада айтқанбыз «Социалистік Қазақстан») кейінгі сенсация осы Дүйсекеңе сеніп ұйымдастырған Мағжан Жұмабаев атындағы әдеби бірлестіктің кездесуі болды. Консерваторияның залына Алматы түгел көшіп келгендей күйде. Ине шаншар орын жоқ. Түннің бір уағына дейін ақындар өлең оқып, қазақ ұлтының қысаң тағдыры ащы айтылған әңгіме жүрді. Бәрі де әлі ақталып жетпеген Мағжан Жұмабаев тағдыры арқылы жүріп жатты... Ертең шығатын газеттерге әдеби бірлестік жайлы орын алып қойып таңға жақын апарып әдеби бірлестік жайлы хабарды салып жібердік... Екі-үш күннің ішінде Түркиенің Измир қаласынан Фикрет Түркпеннен Мағжан Жұмабаевтың түрік тіліндегі бір томдығы келіп жетті... Сый! Іле-шала КГБ қызметкері де жетті... Басымыз шатыла жаздаған ұлтшылдық ісінен сол жолы Дүйсекең аман алып қалып еді... Басымыз дауға қалды, басшымыз құтқарып алды... Тек, Консерваториядан қызметтен кетуге тура келді...

Міне, біздің Дүйсен Қорабайұлының ерлігі!

Одан бері де қанша су ақты, қанша уақыт зымырап өтті. Дүйсен Қорабайұлы Мәдениет Комитетінің төрағасы, Мәдениет министрінің орынбасары, министр қызмет жолдарынан өтті. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі, Қазақстан Республикасының ТМД елдерімен гуманитарлық байланыс жүргізу ісінің Юнеско және Инеско істері жөніндегі бас хатшысы қызметін атқарды... Сонымен қатар, атақты академик Е.М.Примаков басқаратын "Ресей және ислам әлемі" атты стратегиялық бағамдау тобының мүшесі ретінде қаншама қоғамдық қызметтер атқарды.

Дүние жүзілік беделге ие болған әйгілі өнер, мәдениет, әдебиет кайраткерлері: Н.Михалков, П.Бюль-Бюль-оғлы, М.Швыдкой, В.Спиваков, Н.Гутман, Тонино Гуэро, Марио Мелани, Джузеппе Вальденго, Я.Скорик, Богодар Которовичтермен қоян-қолтық араласып, шығармашылық тығыз байланыста жүруі қазақ азаматы Д.Қасейіновтің құлашқарымының ауқымдылығын көрсетуге әбден жарайды. Таулы Алтай республикасында болған сәтте мен аға, дос, қазақ өнерінің дарабозы, мәдениетіміздің жанашыр ұйымдастырушысы Дүйсен Қорабайұлы Қасейінов туралы осындай ойларға берілген едім. Көптен көріспеген қамқор аға, айтулы өнерпазды сағынғанымды сездім сол жолы.

Сөйткен, Дүйсен Қорабайұлымен биыл көктем Түркістан аспаны астында кездесудің сәті түсті. Түркістанды ТҮРКСОЙ аясында «Түрік халықтарының мәдениет астанасы» деп жариялау қашанғы арманы, құдай-ау?! Міне, соған қол жеткізген. Тамыры бір түрік жұртының азаматтары әдетте мұндайда Бас хатшыға қарай сабылады. Өз елінің жауһар бір шаһарын осындай ортақ мерейге көтеру үшін. Ал, Дүйсекең болса соңғы жылдары Анкарадан Түркістанға ат басын әлденеше рет бұрды. Мәдениет министрі Арыстан Мұхамедиұлымен, облыс әкімі Жансейіт Қансейітұлымен әлденеше кездесіп, әңгімелесті. Ақыры, Түркістан «Түрік халықтарының мәдени астанасы» болып жарияланды.

Бұл - халықаралық іс-шара! Мерейімізді көтерер айтулы мереке! Оған дүние жүзінен 800-ден астам сыйлы қонақ келді. Түркістанның көк күмбезі көкке қайта көтерілді. Ғасырлап қазақ хандығының астанасы болған жәдігер қала енді бүгін күллі түрік жұртының Мәдениет астанасына айналып отыр! Бұл Түркістанның, түрік халықтарының тойы! Тарихи тамыры бір түріктен тараған түрік ұлт-ұлыстарының тойы! Сөйтіп, Түркістанда той басталды. 22 Наурыздан бастау алған Түркістанның мәдениет мәртебесі жыл бойы тойланады.

Биыл көктемнен күллі түрік дүниесінің мәдениет жорықшылары дүбірлеп Түркістанға келіп жатыр. Дүние мұсылмандарына софылық ілімі жеткен Қожа Ахмет Ясауи кесенесін тамашалап, әріптестерімен түріктік туыстық жайында ой бөлісіп қайтып жатыр олар. Өнерпаздар, жазушылар, тәржімашылар, мәдениет қызметкерлері сөйтіп Түркістан аспаны астында бас қосты. Түрік халықтары қуыршақ театрлары гастрольдік сапармен келіп өнер көрсетті. Дүниежүзілік журналистері тамыры бір, тарихы ортақ түрік ұлт-ұлыстарын ынтымақтастыру шараларын қарастырды. Өрелі іске жарғақ құлағы жастыққа тимей мұрындық болып жүрген кәнігі өнерпаз – сиқырлы скрипкашы-сазгер, мәдениет қайраткері – Дүйсен Қорабайұлы Қасейінов! Осы істің басы-қасында жүрген аға-дос Дүйсен Қорабайұлымен емен-жарқын әңгімелесіп, өткен-кеткенді еске алдық. Түркістаннан «Бейсембай Кенжебайұлының Түріктану музейін», «Түрік тілдес халықтар кітапханасын», «Түрік халықтары өнер галереясын» ашқанымды айтып мақтанып та алдым. Ал, ол болса қашанғысындай қамқор үнмен құптап бақты: «Елбасымыз Түркістан – түрік халықтарының рухани астанасы» райында өсуі керек»-деп. Менің «Түркістан түрік халықтарының мәдени астанасы» болсын деп шырылдап жүргенім, сенің үнсіз ғана осыншама мәдени ошақтар ашуың... бәрі де Елбасының Түркістан туралы ізгі ойларын жүзеге асыру амалдары ғой-деді сосын. Деді де түркиенің жалынды ақыны Назым Хикметтің:

Мен жанбасам лапылдап,
Сен жанбасаң лапылдап.
Біздер жанбасақ лапылдап –

Түн-түнек қалай ашылмақ?!-деген өлең жолдарын лекіте оқып кеп жіберді. Жергілікті әкім қаралардан бірде қолдау көріп, бірде көрмей жүрген мен кәдімгідей жігерлендім. Аға-дос Дүйсекең үшін мерейлендім кәдімгідей. Өйткені, мен аядай Түркістан мәдениетін көтерсем деп талпынып тырбанып келемін. Ал, ол болса күллі түрік халықтары мәдениетін дүниежүзілік деңгейге танытамын деп жарғақ құлағы жастыққа тимей келеді! Іштей сабақтасып жатқанымен, арасы Жер мен Көктей емес пе?!

Есіме әйгілі әдебиет зерттеушісі, Еңбек Ері Д.С.Лихачевтің сөзі түсті. «Жаратылыста басы артық ұлт болмайды. Әр ұлт, тіпті ұлыс өз мәдениетімен жаратылады. Соңғы жылдары орыс шовинизмі әсерінен Сібірдің қаншама ұлты жоғалды тарих бетінен. Олармен бірге қаншама қайталанбас мәдениет үлгілері жойылды. Егер СССР саясаты осылай ауыздықтаусыз кете беретін болса, мен Академиядан мүшеліктен бас тартамын»-деген еді ол сәруәр. Бас хатшы ұстанымы да осы! Д.Қ.Қасейінов – мәдениет жоқшысы. Түрік ұлт, ұлысының бірінің мәдениетіне ақау түсіпті, жойылып барады екен десе жан-жүрегі бозторғайдай шырылдайды...

Бұл күнде Д.Қ.Қасейінов кіндік қаны тамған Таулы Алтайда да, жандай сүйетін Қазақстанда да емес, туыстас Түркиеде. Түркиеде ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы. ТҮРКСОЙ – мәдениет ұйымы. Түрік халықтарының ЮНЕСКО-сы! Дүйсен Қорабайұлы Қасейінов – түрік дүниесі Мәдениет ЕЛШІСІ!

15 наурыз 2017 жыл.

ҰЛЫ ТҮРКІСТАН БІРЛІГІ

XX ғасыр басындағы Алаш оқығанда¬ры¬ның еңбектерін оқи отырып, қайран қаласың. Ойланасың, тіпті, толғанасың. Қайран қалдыратын себеп – олардың бауырмалдығы, келешекшілдігі! Иә, әруақтарыңнан айналайын, арыстарым, тұтас Түркістан бірлігін сол уақытта-ақ ойлаған екен.

Түркістан – жер бетіндегі мұқым түркі халықтарының алтын бесігі деген мағынаны беретін қасиетті атау. Түркілер бірлігін ту еткен Алаш ақыны Мағжан Жұмабайдың «Алыстағы бауырыма» деп аталатын өлеңі бар. Сол өлең кімге арналған? Не үшін жазылған? Қазақтың алыстағы бауыры кім? Міне, осындай иірілген сансыз сұрақ белгілеріне жауап қайыратын уақыт жеткен сыңайлы.

Алдымен, сәл-пәл аңыз, әфсананы тілге тиек етейік. Қадым замандарда, яғни, Түркі мемлекеті күйрегеннен кейін оғыздардың бір бөлігі Отүкеннен асып, теңіз өтіп кеткен екен. Қазіргі Түркия мемлекеті сол оғыздардың ұрпағы болады.

Мағжанның «алыстағы бауыры» – Мұстафа Кемел Ататүрік. Ақын осы әйгілі өлеңін 1918–1922 жылдар аралығындағы Ататүрік бастаған Түркиядағы ұлт-азаттық соғысқа арнап жазған. Түркия Республикасының көсемі Мұстафа Кемел 1881 жылы өмірге келген. Әкесі Әли Рыза бей ерте қайтыс болып, шешесі Зубейда ханымның тәрбиесінде өскен. Ыстамбұлдағы әскери училищені және жоғары әскери академияны тәмамдаған. Мұстафа қиын-қыстау кезеңде ұлт-азаттық қозғалысын басқарып, туған елін ғасырлар бойы билеген сұлтандар әулетінің талас-тартасынан қорғап, Отанын сақтап қалады. Бөлшектелу мен ыдыраудың алдында тұрған империяны аман-есен алып қалып, Батыс үлгісіндегі, Еуропалық сыйпаттағы демократияға негізделген бүгінгі Түркия республикасының іргетасын қалады. 1923 жылдың 29 қазанында Мұстафа Кемел Түркия республикасын құрды. Оның тұңғыш президенті болды (1923–1938).



1934 жылы Түркияда тек (фамилия) туралы заң қабылданғанда оның түркі халқының алдындағы орасан зор еңбегі ескеріліп, ұлы ұлттық Мәжілістің (Парламенттің) арнайы қаулысымен «Ататүрік» тегі берілген. Түрік әскерінің Бас қолбасшысы ретінде Сакария қаласындағы грек әскерлерімен 22 тәулікке созылған ұрыста тамаша жеңіске жетуіне орай 1921 жылдың қыркүйек айында оған «маршал» дәрежесі берілген еді. Және ол Түркия тарихындағы «Ғази» («Жеңімпаз») атағын иеленген тарихи тұлға.

Алыста ауыр азап шеккен бауырым,
Қуарған бәйшешектей кепкен бауырым,
Қамаған қалың жаудың ортасында
Көл қылып көздің жасын төккен бауырым.

Алдыңда ауыр қайғы жатқан бауырым,
Өмірі жапа шеккен жаттан бауырым.
Түксиген жүрегі тас жауыз жандар,
Тірідей терің тонап жатқан бауырым.

Апырмай, емес пе еді алтын Алтай –
Анамыз бізді тапқан асау тайдай!
Бауырында жүрмеп пе едік салып ойнақ,
Жүзіміз емес пе еді жарқын айдай!

Алалы алтын сақа атыспап па ек,
Тебісіп бір төсекте жатыспап па ек.
Алтайдай анамыздың ақ сүтінен
Бірге еміп, бірге дәмін татыспап па ек.

Тұрмап па еді, біз үшін мөлдір бұлақ
Сылдырап, сылқ-сылқ күліп, таудан құлап.
Даяр боп ұшқан құстай соққан құйын,
Тілеген бір-бір тұлпар бейне пырақ!

Алтайдың алтын Күні еркелетіп,
Келгенде жолбарыс боп, жаңа ержетіп,
Ақ теңіз, Қара теңіз ар жағына,
Бауырым, мені тастап қалдың кетіп.

Мен қалдым – жас балапан қанат қақпай,
Ұшам деп ұмтылсам да дамыл таппай.
Жөн сілтер, жол көрсетер жан болмады,
Жауыз жау қойсын ба енді мені атпай.

Қорғасын жас жүрекке оғы батты,
Күнәсіз таза қаным судай ақты.
Қансырап, әлім құрып естен тандым,
Қараңғы абақтыға берік жапты.

Көрмеймін кеше жүрген қыр-сайды да,
Күндіз – Күн, түнде – күміс нұрлы Айды да.
Ардақтап, шын жібектей арайға орап
Өсірген алтын анам – Алтайды да.

Апырм-ай, айрылдық па қалың топтан,
Шабылып қайтпайтұғын жауған оқтан.
Түріктің жолбарыстай жүрегінен
Шынымен қорқақ құл боп жаудан бұққан.

Шарқ ұрып, ерікке ұмтылған Түрік жаны,
Шынымен ауырды ма бітіп халі?!
От сөніп жүректегі, құрғады ма
Қайнаған тамырдағы ата қаны?!

Бауырым, сен о жақта, мен бұ жақта,
Қайғыдан қан жұтамыз. Біздің атқа
Лайық па. құл боп тұру? Кел, кетелік
Алтайға, ата мирас, алтын таққа! –

деп Мағжан ақын тегі, тілі, діні бір қарындасына өлең арнаған. Бұл – Алаштың сөзі! Ал, өлеңнің мына жолдарынан:

Алтайдың алтын Күні еркелетіп,
Келгенде жолбарыс боп, жаңа ержетіп,
Ақ теңіз, Қара теңіз ар жағына,
Бауырым, мені тастап қалдың кетіп!

Жоғарыда айтып өткен аңыздың шынайылығын байқауға болады.

1933 жылы Түркия республикасының құрылғанына 10 жыл толады. Мерейтойды атап өтуге арналған салтанатты жиында Ататүрік ел халқына: «Бүгінгі Кеңестік Ресей – досымыз. Бұл достыққа біз бүгін мұқтажбыз. Бірақ ертең не боларын ешкім кесіп айта алмайды. Дәл Осман империясы сияқты, Австрия–Венгрия сияқты ол да ыдырауы мүмкін. Міне, сонда не істейтінін Түркия білуге тиіс», – деп өзінің аманат-сөзін айтқан. Шындығында, уақыт өзінің дегенін істеді. КСРО мемлекеті ыдырап, тарихи сахнадан құлады. 1991 жылдың 16-желтоқсанында бүгінгі Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін алғаш болып мойындаған қай ел еді? Әрине, Түркия елі болатын. Енді Ататүріктің «сонда не істейтінін Түркия білуге тиіс» деген аманат-сөзінің жалғасын назарларыңызға ұсынайын: «Біздің бұл «досымыздың» билігінде тілі бір, наным-сенімі бір, өзегі бір бауырларымыз бар. Соларға қол ұшын беруге дайын болуымыз керек. Халықтар бұған қалай дайындалады? Рухани көпірлерін берік ұстай отырып. Тіл – бір көпір. Наным-сенім – бір көпір. Тарих – бір көпір. Біз бүгін олардан тіл тұрғысынан да, салт-дәстүр жөнінен де тарихи байланыстардан ажырап, өте алыста қалып қойдық. Тарихи байланыстарды жаңғыртуымыз керек. Түркі бірлігінің күндердің күнінде шындыққа айналатынына сенемін!», – деген. Не деген аманат сөз! Қайталап оқыңызшы. Мұқият, асықпай, байыбына барып оқып көріңіз. «Түркі бірлігінің күндердің күнінде шындыққа айналатынына сенемін!» деген. Міне, Құдайға шүкір, сол кешегі заманда тұтас Түркістан бірлігін арман еткен Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабай, Мұстафа Кемелдердің идеясын бүгінгі тәуелсіз Қазақ елінің президенті Н.Ә.Назарбаев пен Түркия мемлекетінің басшылық тізгінін ұстаған Т.Озал, С.Демирел, А.Сезер, А.Гюль, Р.Ердоған сынды азаматтар жүзеге асырды.

Мұстафа Кемел Алаш ардақтысы Міржақып Дулатұлын ұстаз тұтып, қадірлеген. Тіпті, Ататүрік Алаш ардақтысының «Оян, қазақ!» атты 1909 жылы «Шарқ» баспасынан шыққан өлеңдер жинағын профессор Тайыр Шағатайға аударуға тапсырма беріп, 1930 жылы «Оян, қазақ!» жинағын Анкара қаласынан түрік тілінде бастыртып шығарған. Кейінірек түрік ақындары Жақаңа еліктеп, «Оян, Түрік!» деп өлең жазған болатын. Шын мәнінде, Мұстафа Кемелдің жұмыс кабинетінде Міржақып Дулатұлының суреті ілініп тұрған, үстелінде «Оян, қазақ!» кітабы болған.

Мұстафа Кемел Алаш қайраткерлерімен жақын қарым-қатынаста болған. Араласқан. Идеяларын қолдаған. Біртұтас Түркі идеясына сенген. Әрі Түркі бірлігіне жан-тәнімен беріліп, қызмет еткен. Енді осы арада тарихи деректерді келтірсек.

1907 жылы Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның тапсырмасымен Алаш қайраткері, II Мемлекеттік Думаның депутаты болған Шаймерден Қосшығұлұлы Түркияға барып, Үкімет, Парламент басшыларымен кездескен. Түрік басылымдары арқылы II Николай патшаға мәлімдеме жасаған.

Алаш қайраткері Барлыбек Сыртанұлының «Қазақ елінің уставы» деп аталатын қазақтың алғашқы конституциялық еңбегінде: «Қазақ елінің жеке туы бар. Туы жасыл, қызыл һәм сары көлденең жолақтардан жасалады. Басындағы бұрышта ай һәм жұлдыздың суреті бар. Жасыл түс – елдің исламға берілгендігінің белгісі, қызыл – ел қорғауда төгілген қан, сары – қазақтың кең даласы, еркіндіктің белгісі» делінген. Бүгінгі Түркияның Туын қараңызшы. Онда қызыл түс және ай, жұлдыздың бейнесі бар. Тарихи деректердің бірінде, Ә.Бөкейхан М.Дулатұлы мен М.Жұмабайды 1920 жылы Түркияға

жіберген көрінеді-мыс. Сол сапарларында Алаш қайраткерлері «Алаш Орда» ұлттық-территориялық мемлекетінің туын және тағы басқа құжаттарын Мұстафа Кемелге тапсырған екен. Кейінірек, Кеңес үкіметі орнаған тұста, Түркия да Кеңестік коммунистік идеологияны қолдаймыз дегендей, «қызыл түстес» туды көрсеткен. Әрі жоғарыда мысалға алынған Ататүріктің аманат-сөзіндегі «досымыз» делінген сөз осыны аңғартса керек-ті.

Тарих қатпарына зер салсақ, «Тұранның толқымалы тағдыры» (М.Жұмабай) барын байқаймыз. Тұран дегеніміз – Түркістан. Түркі халықтарының ежелгі құт-мекені ТҰРАН деп аталған. Араб халифатының әскери қолбасшысы Кутайба ибн Мүсілімнің (660–715) басқыншылығымен Тұран өлкесі талан-таражға түсіп, халқы қырылып-жойылған. Тұранның екінші атауы – Түркістан. Осы соғыстан кейін Тұран атауы жойылып, тарихтан өшкен екен. Алтайдан (Отүкен) Анадолыға дейін созылып жатқан мына шетсіз, шексіз дала – Түркістан даласы. Түркістан – иісі түркі халықтарының кір жуып, кіндік кескен атамекен, атажұрты.

Алаш қозғалысы негізінен ІІІ түрлі кезең арқылы өрбіді. І кезең – 1905–1912 жылдар, екінші кезең – 1913–1916 жылдар, ІІІ кезең – 1917–1920 жылдар аралығын қамтиды. Осы үш кезеңнің соңғы кезеңі Алаш қозғалысының нығайып, дамыған кезеңі еді. Бұл кезеңнің негізгі бағыты – Егемендік пен Тәуелсіздік, Ұлттық мемлекет құру идеясы болды. Осы кезеңнің келесі бір идеясы – Ұлы Түркі бірлігі немесе Түркістан идеясы.

Түркістан идеясын Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Түркістан қаласымен шатастырмайық. Түркістан дегеніміздің Түркі халықтарының өкілдері немесе Тұран перзенттері деп ұғыңыз.

Сөздің тобықтай түйінін айтқанда, «Түркістан ұқтырар басты тағылым – ел болу, бір болу. Бардыбағалай, жақсыны жаңалай білу. Дәстүрге мұқияттылықта да, жаңалыққа құштарлыққа да биік парасат пен табандылық таныта алу. Еңсеңді елдігіңмен көтеріп, берекеңді бірлігіңмен келтіру. Іріткі салар алауыздықты аластап, ұйытқылы жарастықты ұлықтау» (Ә.Кекілбай) болмақшы. Ендігі парыз – бабалар салған жолды жалғап, Ұлы Түркістан бірлігін нығайту!

Алаш қайраткерлері жер бетіндегі тұтас түркі халықтарының бірігіп, ынтымағы жарасып, тату-тәтті бейбіт ғұмыр кешуін қалады. Олар «төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дегенге сенді. Түркілердің басын біріктіретін, оразды ұлыс ететін уақыт келді. «Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана» (Ә.Бөкейхан) болып тұр!

XXI ғасыр – жаңа технологиялардың дәуірі. Бүкіл жер шарында жаһандану үдерісі жүріп жатқанда, түркі халықтарының ұлттық дәстүрі мен мәдениетін сақтап қалатын жалғыз ем бар, ол – ұрпақтар сабақтастығы, ынтымақтастық. Осындай алмағайып заманда түркі халықтары бір-біріне демеу болып, ағайын-туысын қолдап, қорғап жатса, нұр үстіне нұр болары сөзсіз. Әмбе, бабалардың әруағы да разы болмақ.

Біз, Түркі халықтары – Алтайдың жолбарысымыз. Бабаларымыз сияқты бекзат, сымбатты, кіді, асқақ, ақылды, текті болуымыз қажет!

Елдос ТОҚТАРБАЙ,
әдебиет зерттеушісі



Түркістан, Өлiара

Бақытжан Алдияр:

Ағала ордам, ақ ордам,
Алапасы* асқақ мекенім.
Аңғарған сенде сан оғлан
Алланың құлы екенін.

Ағынып* келген алдыңа
Адамизаттың сан ұлы.
Арылар кешсе бар күнә
Аллаһу кәләм Тәңірі.

Қараша сенде, хан сенде,
Қара жеріңде бар кие.
Әзізлі батқан сан шерге
Әзіреті сұлтан әулием.

Асаси ең бір сезімсің,
Асылдар берген аса мән.
Ақсақ Темірден Өзіңсің,
Асқақ Темірді жасаған.

Зәузатты біздің кеш, пірім,
Залалын шенді бектердің.
Зікірін талай естідің
Зіл батпан зеңбіректердің.

Таланып «зәузі-мұқсымға»*,
Тарихыңды естіп қайғырғам.
Тәубені бірақ ұқсын ба
Тараған жандар маймылдан?

Аңсатып құтты, күш іргең,
Аян да беріп пірі ұлы,
Әуліңде құран түсірген
Әуез қожаның ұрығы*.


Тектілер жатқан қойныңа
Телміріп тұрмын бір тұстан.
Тұранның таққан мойнына
Тұмары сенсің, Түркістан.

Ағайлар біздің ілкіден
Айтады пікір әр алуан...
Тарихта сенің Түркімен
Түбірің бірге жаралған.

Астында даулы дауылдың
Астана құлдық ұрады.
Көсемі діндар қауымның
Көше алмай саған жүр әлі.

Толықсып жаным жыр құшқан,
Топырағыңды алып сүйемін.
Мекенім сенсің, Түркістан,
Меккем де сенсің, киелім.

Мезгілмен меңзеп қабірге,
Менен де қашар тақсыр-күн...
Жанымды жалғыз Тәңірге,
Тәнімді саған тапсырдым.
Беу, Түркістан...



*Алапа – даңқ
*Ағынып – жалбарынып
* «Зәузі-мұқсым» - қайғы-қасірет
*Әуез қожаның ұрығы – Мұхтар Әуезов



ТҮРКІСТАНДЫ ТЕРБЕТТІ ТҮРКІ ЖЫРЫ





Биыл Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымы тарапынан «Түркі әлемінің мәдени астанасы» болып жарияланған, түгел түркінің рухани орталығы Түркістан қаласында тағы айтулы шара өтті. Бұған дейін түркі халықтарының сан салалы өнерпаздарының, әншілер мен бишілерінің, театр тарландарының, айтыс ақындарының, фотосуретшілер мен суретшілерінің басын қосқан қасиетті мекенде бұл жолы түркі әлемінің ақындары кездесті.

Әзірбайжан ақыны Молла Пенах Вагифтің 300 жылдық мерейтойына арнап Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымы, Халықаралық Жазушылар және зиялылар қоғамы (Түркия), Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ бірігіп-ұйымдастырған «Түркі әлемі ақындарының кездесуіне» Түркістан қаласының және Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшіліктері қолдау көрсетті.

Молла Пенах Вагиф кім еді?

1717 жылы Салақлы ауылында (Әзірбайжанның қазіргі Қазақ ауданы) шаруа отбасында дүние есігін ашқан әзірбайжанның атақты ақыны, мемлекет қайраткері Молла Пенах Вагиф жас кезінен өрлігімен де, ерлігімен де ерте көзге түсті. Медреседе араб пен парсы тілдерін терең меңгерген жалын жырлардың иесі Шуша қаласында бала оқытып, шәкірт тәлімдеп, тез арада «Молла Пенах» атанды. Білікті білім, белсенді жырымен топ жарған ақынның есімі елге тарала бастады. Ғылым сүйгіштігі мен ілімге ілкімдік қасиеттері тіпті елден жырақ жұртқа жетті. Азулы ақын һәм ұлағатты ұстаз жайлы: «Әр білім алған Пенах – Молла бола алмайды»– деген мақал-өсиет тарады, ел аузында.

Оның шығармаларына ашуғтар поэзиясының ықпалы аса зор әсер етіп, туындылары классикалық аруз үлгісіндегі мухаммас, ғазал муашштар, мустезад түрінде көп жазылды. Осы арқылы Молла Пенах Вагиф поэзияны халық ұғымына мейлінше жақындатты. Керек десеңіз, Вагиф адамның ой-сезімін терең бейнелеуге мүмкіндік беретін «гошма» атты жаңа өлең түрін әдебиетке енгізді. Ақынның «Қос сұлудың құрметіне», «Гүл», «Тырналар» т.с.с. секілді жырлары қарапайым адамның тұрмыс қуанышын, махаббат қызығын, түрлі өмірлік өкініш сезімдерін толғады. Парсы және араб тілінде жақсы білім алған талантты ақын астрономияда, математика-

да, сәулет өнерінде, поэзияда, әуен-әуезде (музыка) өз білімін арттырды.

Ақынның даңқы Карабах билеушісі Ибрагим-Халилханға жетіп, ол Вагифты сарайында уәзір (шетел жұмыстарының министрі) лауазымына тағайындады. Бұл қызметте Вагиф ол замандарда тым сирек кездесетін дипломаттық (бітімгерлік) айрықша қабілетін жарқырата көрсетті.

Вагифтың тікелей бастамасымен Парсыға қарсы Карабах, Грузия, Талыш және Эриван хандығының қорғаныс одағы құрылып, Ресеймен келіссөз жүргізілді.

1795 жылдың жазында Парсы билеуші Аға-Мухаммедхан Каджар басқарған 85мыңдық парсы әскері Ардебилядан шығып, бағынбаған Карабах хандығын дәргейіне келтіру үшін Карабахқа қарай сапарға шықты.

Парсы әскері шілденің аяғында Шуша қорғанысына жеткенде, оларға 15 мыңдық қарабах әскері қарсы тұрды. Шушаның қорғаушылары берілуден бас тартып, қаланы жан-тәндерімен қорғады.

Тарихшы Мирза Адигезаль-бек дәп сол аласапыран турасында жазба қалдырды. Сонда Аға-Мухаммед шах Ибрагим-Халил ханды қорқытпақшы ниетпен ақын Сеид-Мухаммед Ширазидың өлең жолдарын алып («шуша» сөзі – әзірбайжан тілінде – «шыны»), былайша әдейі өзгертіп-жолдады:

«Ақылға кел! Ақымақ болма! Айлаң бас!
Шыны қабырға– қара тасқа айналмас!»
(«Безумец! Град камней летит с небес.
А ты в стеклянных стенах ждешь чудес»)

Осы өлең жазылған парағы жебеге қыстырылып, қорғанысқа жіберіледі. Осы хат Ибрагим-Халил ханға жеткенде, ол Вагифты шақырып алып, парақтың қарсы бетіне Аға-Мухаммед шахқа мынадай жауап жазғызады:

«Шыныменен – шыныменен
Жарылқаушым жарапты,
Қорғанысын қара тастан
қатты қылып жаратты!»
(«Меня стеклом создатель окружил,
Но в крепкий камень он стекло вложил»)

Рухқа толы, жігері жасын жауап хатты оқыған Аға-Мухаммед шах қатты ашуланып, Шушаны зеңбіректердің атысының астына алғанымен, 33 күннен кейін қорғанысты қалдырып, Гүржістанға кетуге мәжбүр болады...

...Елдің амандығы үшін орыспен уақытша туысқан жұрт Екатерина II патшайым қайтыс болған соң, Павел I орыс әскерлерін Кавказдан кері қайтарғанда ғана еркін тынысқа көшті. Бірақ, осы бір тыныш тыныс, мамыражай сәтті өз құзырына сәтті пайдаланған Аға-Мухаммед шах Кавказға жаңа жорық бастады. Сол жылы Карабахта егін шықпай, елді ашаршылық жайлағандықтан, Ибрагим-Халил хан туған халқын нақақ қырып алмауды көздеп, өзінің аз жасағымен қаладан шығып кетті...

Парсы шахтың әскері қаланы қантөгіссіз, соғыссыз алды. Бірден ақын Вагиф зынданға тасталды. Таң сәрісінде оны өлім жазасы күтті. Сол күннің кешінде Аға-Мухаммед шах өзінің үш малайын өлім жазасына кескен еді. Түн жарымында өлім жазаға кесілген малайлар Аға-Мухаммед шахтың жатын бөлмесіне жасырын кіріп, шахты өлтіреді.

Шахтың өлімі Вагифтың өмірін сақтағанымен, уақытша билікті қолына алған Ибрагим-Халил ханның жиені Мухаммед-бек Джеваншир 1797 жылы азулы ақын Молла Пенах Вагиф пен оның жазықсыз ұлы Алибекті өлтіруге бұйрық шығарады. Вагиф қаза тауып, қарашаңырағы қиратылады, құнды қолжазбалары жойылады.

Ақынның шығармалары кейін бөлек жазбалар бойынша ақындар аузынан жиналған. Вагифтың бірінші өлең жинағы 1856 жылы М.Ю.Нерсесовпен Темир-Хан-Шурде жарыққа шықты (қазір Буйнакск). Бірінші ең толық жинағы 1945 жылы жарыққа шықты. (Орыс аудармасы, 1949 ж.)

Сөйтіп, әзірбайжан әдебиетіндегі демократиялық бағыттың негізін қалап, туын қадаушы алапат ақын, зиялы ғалым, жігерлі тұлға Молла Пенах Вагиф жұртына жауһар жырларын мұраға қалдырды. Ал, С.Вургун «Вагиф» атты үлкен поэма жазды. 1982жылы ақынның кесенесі бой түзеді.

***

Яссы топырағындағы толғаулы басқосуға Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Татарстан, Башқұрстан, Саха-Якутия, Дағыстан және Гагауыз Йерінен 30 ға жуық ақындар қатысты.

Соңғы мыңжылдықта түрлі тарихи оқиғалардың себебінен жеке-жеке мемлекет болып, тілдік тұтастығын қорғау қиындығын бастан кешсе де, түркі тілдес халықтардың поэзиясындағы, өлең өрімдеріндегі, эстетикалық ойлау жүйесіндегі ұқсастық мықты сақталып, өлең тілінде анық ізін қалдырды.

Өмірлері өзгерсе де – өлеңдері өзгере қоймаған, ауылдары алыстаса да – көңілдері қашықтамаған туыстас ел ақындарының әрқайсысы өз ана тілдерінде өлең оқып, жырдан шашу шашты. Өленсүйер қауым әлем әдебиетінде «махаббат жыршысы» атанған Вагифтің сыршыл лиризмі мен өршіл азаматтық поэзиясының көркемдік көкжиегіне қанықты.

Мұндай маңызды кештердің мүдде-мұраты – түркі ақындары шығармаларын бір-бірінің тіліне тәржімалап, түрікшілдік рухты поэзия биігіне көтеру. Адам жанының нотасын дөп басып, ішкі дүниесіне үңілуге – тек поэзияның құдіреті жетеді. Өленді күн сайын оқитын, сүйіп оқитын оқырман бауырлас ел ақындарының жалындаған жырларымен мейір қанып, сусындады. Зор рух, жойқын әсерден тілімізге:

«Заңғарларға биіктеп ұлылығы,
Жүректерге тереңдеп шынылығы.
Өсиетті өткенін өнеге қып,
Түркістанды тербетті түркі жыры...» – деген өлең жолдары еріксіз ілікті...

Гүлжаз ҚАРЫБЕККЫЗЫ,
Түркістан қаласы

БҰЛАҚТЫҢ БАСЫНДА

(ӘҢГІМЕ)

Біздің ауылға Құдай қарт Қаратаудың сиырқұйымшақтана сүйірленіп, түгесілер тұсын бұйыртқан. Сырт көзге жатаған көрінгенімен жуан таудың басына шығып айналаға көз салсаңыз - бүкіл аймақ алақандағыдай көрінеді. Жусаны мен жуасы, қаратарысы мен кәрегі, тарақбозы мен арпабозы, шағыры мен раңы, шиесі мен алмұрты, ебелегі мен селеуі, жантағы мен жалбызы Бетпақты ен жайлаған жан-жануар, құрт-құмырсқа, шыбын-шіркейінің атам-заманнан бергі арда азығы. Құзында - құлжасы, қырында



- тырнасы, суында - перісі, нуында - бөрісі, ойында - тарғағы, сайында - сайғағы сайран салған әлемнің еш жерінде жоқ көрікті мекен. Жылдың кез-келген мезгілінде мейірім толы даладай құшағын айқара ашып, айналасын: анау аңқиған аңқау аспанды, мынау маңқиған жалқау даланы баладай бауырына басып, анадай аймалайды да жатады. Сонау тау төсіндегі бес емшек - бес бұлақтан бал еміп, бүйірі томпайған біздің ауыл, ежелден «Бесарық» атаныпты. Ал анығында, қазір ағалы-інілі екі ауыл - Ноғай мен Шегірді қақ жарып ағып жатқан - бір-ақ арық су. Бір арық болса да, ірі арық. «Бұрын бұл жерде бес өзен ағып жататын» деседі көнекөздер. «Бесарық» атауы содан қалған екен. «Бесарық» бұрын өзінен-өзі шертіліп, шартарапқа саз төгіп жататын, бес ішекті, көп пернелі саз аспабындай болса, бүгінде замананың сан қилы қылбұрауымен ішегі үзіле-үзіле бір-ақ ішегі қалған сыңар ішекті домбыра дерсің. Сол домбыраның өзін бес бұрап шертсеңіз, «Бесбұлақ» күйі, тақалып кетсеңіз, «Бесарық» күйі күмбірлей жөнелетіндей. Тоғызыншыны тауысқан жылы жазда ауылға сыймай тауға тарттым. Жайлауда аталас ағайын Ақжігіт көкем қой бағатын. Сонікіне барып, кекілік атып, бірер күн жатып қайтпақшымын. Астымда - шайтанарба. Ауылдан түс ауа шыққан мен қалың тауға күн екіндіге еңкейе әзер іліктім. Жалаң көзге жазық көрінгенмен, тау жолы шайтанарбашыға өрлік қылады екен. Тепкіні баса-баса қарасаным түйіліп, белім бүгіліп қалды. Жуан тауға дендеп енгенде, тіпті, діңкәладым. Айналам - айдала! Жайнаған жалғанда жападан жалғыз қалғандаймын. Айранның көк суындай көгілдір ауаны төкпей ұстап, тайқазан-аспан тұр төбемде төңкеріліп. Тайқазан-аспанға қапелімде түсіп кеткен құмырсқа секілді, қанша ұмтылсам да шыға алмай тайғанақтап мен келемін. Не көрмеген Қаратау бұл! Құлағыма ықылым замандардың зарлы ызыңы кеп, көзіме Қаратаудан құлаған көш елестегендей болды. «Қаратаудың басынан көш келеді...» Біздің ауылдың адамдары сол көштен аман қалған ата-бабаның балалары болды ғой. Көшпен бірге құлаған бес арықты бойлап келіп, қазіргі жерұйыққа тұрақтап қалған. «Көшкен сайын бос келе жатқан бір тайлақ» мен болармын, сірә... Жалғыздық - ойдың бұлағы. Осындайда ойыңа не болса, сол келіп, сансыратып жібереді-ау. Басы бар аяғы жоқ болымсыз бір қора ой да, тосылар аялы жоқ өнімсіз сүр қара жол да қажытты. Қара жол - жайуат жер іздеп, жай ыққан қара судай жыра-жыраны қуалай қанша қашқақтағанымен, кейбір бедірейген кесір беткейлер кесекөлденең жатып алғанда; лажсыз өрге тік шапшиды екен. Мұндайда шайтанарбаны мінбек түгіл, жай жетектеп шығудың өзі мұң. Өзім өстіп сілелеп келе жатқанда көк желкемнен бір есексона шағып кетті. Уытының зәһәрін-ай. Ұстай алмай қалдым. Қолыма іліккенде шайтанарбаға жегіп, жайлауға жетіп алар ма едім. Шөл қысқан, қарын ашқан, маза қашқан. Өзіме де сол керек! Әр төбенің ұшар басына шыққанда бір жан шақырып аламын. Бейне бір мәшінмен шыққандай, айран алмай шыға салғанымды айтам-ау. Тым болмаса, қалтама бір-екі түйір құрт сала салсамшы... Алайда, тау-ана аштан қатырып, шөлден өлтірсін бе пендесін! Тырбиған қарақошқыл кәрі бұталы таушиеден таңдайға тастап жіберіп шөл басамын. Туған жердің дәміне не жетсін, шіркін! Көзмоншақтай майда демесеңіз, балмұздақтай бал татиды! Тау жолының бір рақат жері - төмен қарай түскені. Жол теріп, дөңкиген қой тастардан қойқаңдай өтіп, тек тежегішті сүйеп қана отырсаңыз болғаны. Ал енді тепкіні бастыңыз бар ма - зулаған күйі О дүниенің қақ төрінен бір-ақ шықтым дей беріңіз! Ол жақта сізді не күтіп тұр: жұмақ па, тозақ па? Оны тағдыр тәлейіңіз білер. Қалай ирелеңдесе де, мына жол мені жіліншік өзенді жағалай, бұл жалғанның жайлау деген жұмағына жетелеп келеді. Бұл өзендер - ықылым заманнан бері «атам атын суарған, анам талай су алған» Қаратаудың қан тамырлары. Қартайған сайын суалып барады-ау. «Бесбұлақтан» бастау алып билей аққан бұраңбел өзен бейне бір менімен қуаласпақ ойнағандай; бір

түртіп, бір үркеді. Қара жолмен де солай: бірде түйісіп, бірде сүйісіп, енді бірде ит тигендей керісіп, екі айрыла қашады. «Бесбұлақ» - жан-жағын қалың жабайы жиде мен нарқамыс басқан, бес қайнарлы бұлақ атауы. Жиденің орта шенінде өте көне қорым бар. Өткен-кеткендер құран оқымай өтпейтін киелі жер деседі жұрт. Міне, мен сол жерден күн батқанша әрі өтіп кетуім керек. Әр асудан асқан сайын Күнге бір қарап қоямын; ол дағы ыстық ұясына ынтығып, қырғидай құйылып барады. Балбалтастай төбе-төбеде шошайған тау шоқылары ұры аңдыған қарақшыдай біртүрлі үрейлі көрінеді. Күн батса болғаны тіріліп, мені келіп бассалатындай. Қанша безектегеніммен «Бесбұлақтың» басына намаздыгер-намазшамда әзер жеттім. Көне қорымға кішкене кіріп, «жатқан жерлерің жайлы, топырақтарың торқа болсын» деп бет сипадым. (Құдайлығын айтайын: «Фатиханы» анам өмірден озғанда бір-ақ жаттадым, ол кезде білмейтінмін). Жермен-жексен тегістеле бастаған төмпешіктердің орта шенінде басына ақ шүберек байлаған кәрі ағаш тұр. Ақ мата күнге күйіп күйреген, кешкі қоңырсалқын жаяу леппен баяу ғана қозғалақтайды. «Қайтарда жаңалап байлап кету керек екен-ау...» Содан су ішіп, бет-қол шайып алайын деп бұлаққа беттедім. Суға тас лақтырып, су патшасы Сүлейменнен су сұрау рәсімін де жасап жібердім. Үлкендердің айтуынша түнде рұқсатсыз су ішуге болмайды... Дәл осы кезде жоғарғы жақпар тас жақтан бір нәрсе тасыр-тұсыр ете қалды. Бала кезден естіп өскен дағды бойынша «бісміллә» деп барып басымды көтердім. Астапыралла! Маған қасқая қарап бір құбыжық тұр! Тайсалмай қарауға дәт жоқ; бірден көзімді тайдырып әкеттім. Естімей қалды-ау деген оймен даусымды кенеңкіреп «бісмілланы» тағы айттым. Емін-еркін қимыл жоқ, көздің астымен ғана ұрлана қараймын. Кететін ол емес, әр қимылымды жіті бақылап, тапжылмай тұр! Ұсқынын сипаттасам - шамамен түрегеп тұрған сасық текеге келеді. Кенет, тағы да тасыр-тұсыр етті де, жоғарыдан домалаған тастың бір-екеуі шолп-шолп етіп суға түсті. Жалт қарасам құбыжығым бері қарай бір адым аттапты. Қол-аяғым дірілдеп, қалшиып қаттым да қалдым. Жидемен жағаласа өскен, бойы бұлғаң нарқамыс та құбыжыққа көттақыланып қарадай суылдайды. Бақалар бақылдап, шегіртке шырылдайды. Байғыз да зәрлі үілімен үрейімді үдетті. Бағанағы ақ байлаған кәрі ағашқа жан бітіп, бері қарай жылжығандай болды. Тырп етсем, қақ басымнан тарс еткізердей. Қасқарайып барады. «Тірі тұрғанда мына арадан құру керек» деп жүрейін десем, қаққан қазықтай қозғала алмаймын. Өстіп тұрғанда әлгі бәлем «бә-ә-ә-ә...» деп бақырмасы бар ма?!! Мен де «аа-а-а-а» деп бір бақырдым да қашып кеп бердім. Жүретін бағытым - өр! Соған қарамастан құлағымда «тасыр-тұсыр, бах-шах...» деген дыбыстар жаңғырығып, жазық жердегідей жосып келемін. Шыбын жан не деген тәтті еді. Ойлануға мұрша жоқ. Дегенмен, жан үшін жандалбасалап жанұшырып келе жатқанымды сеземін. «Шайтан» да қалды жайына, шайтанарба да қалды жайына! Соңымнан бүкіл Қаратаудың бір қора шайтаны жалаңдап қуып келе жатқан сықылды... Қашқаннан-қашып, қарқындаған күйі Ақжігіт көкемдікіне жетіп бір-ақ тоқтадым-ау. Түннің бір уағы. Келе жеңгеме таңдайымды бастырып, мұздай су іштім. Сол сәт, таңдайымда, сумен бірге жұтылмай, шикі қаймақ аралас ыстың дәмі қалып кетті. Ыс татыған сол қаймақ-дәм таңдайымда әлі жүр. Дәм ғана емес, Қазақтың ғажап иісі ғой ол! Түн - ойлануға таптырмайтын тылсым. Әсіресе, туралған Жұлдыз-құйрықмайды шыжғырып, Ай-пиязбен тұщытып жатқандай, тас төбеңнен төңкерілген - тайқазан тау түні. «Мына қазанға салып, жалғыз көзді Диюға әлгі мені қорқытқан пәлекеттің терісін тірідей сыпыртып, санын - сан, бұтын - бұт қылып бұтарлатып, өкпе-бауырынан қуырдақ қуыртып, Жалмауыз кемпірге асатар ма еді, шіркін! Әй, бірақ, ол мені қорқытқан жоқ, өзім емес пе айдаладан қорқып қашып жүрген? Маған оның қылаудай зияны жоқ шығар. Бәлкім, оны-мен ым-ишара арқылы ұғынысып, достасып, шайтанарбаға мінгесіп үйге келер ме едік? Үрейімнің мәні неде сонда? Ауылда жүргенде батыр сияқты едім, неге үдердім сонша? Мүмкін, ол менен қаймыққан болар. Жікшіл көзқарасымыз бойынша, жабайы адамның жаманы емес, жақсысы шығар ол. Аққөңіл ақынжандысы, пәк көңіл имандысы болмаса кетті...» Осындай өнімсіз ойлармен арпалысып жатып, ұйықтап кетіппін. Ертеңіне Ақжігіт көкем екеуміз қойды «Бесбұлаққа» қарай қаптата өргізіп, өзіміз торжорғаға мінгесіп, бұлақтың басына беттедік. Жолда көп сөзге жоқ жан көкем: - Көнекөз қариялар «Қаратауда кісікиік бар, кез-келген кісіге көріне бермейді» деп айтып отырушы еді, - деп әлденені іздегендей төңірекке жайбарақат көз тастады, - жарықтық тобылғы да пісіп қалыпты-ау, қайтарда қамшысапқа ала кетейікші бір-екеуін. Түндегі қорқыныш ізім-қайым. Бүгін мен Ер Төстік батырмын. Көкемді арқа тұтып, шайтанның басын шауып алғалы келе жатырмын. - Өгіз таспадан тіліп, бір дырау қамшы өріп беріңізші, көке! Тобылғымен өзім саптап аламын. Түндегі шайтанды қамшының астына алып, қуып жүріп сабайыншы бір! - дедім. Көкемнің сәл жымиғаны байқалды. Деуін десем дағы бар ойым түндегі «шайтанда», екі көзім сай жақта. «Шайтанарбамды мініп кетпесе қайтсін? Үңгірдей аузымен бір үрлеп қап, шайтанарбаны қисапсыз көбейтіп, бүкіл Қаратаудың шайтандарына бір-біреуден таратып берсе... Соғыстағы немістер құсап, тұс-тұстан өріп, көкеме қой бақтырмай жүрер. Мен болсам ауылға кетемін. Жеңгемнің, інілерімнің күні не болмақ, ойбай? Қой, құрысын...» Жақындап-ақ қалғандаймыз. Алайда, тау тіршілігінде тесірейген төбелер, кекірейген жыралар, тау-ананың төсін емген тұмалар дәл қасында көрінгенімен, итіңдетіп жеткізбей қоятыны бар. Бір кезде бұлақ жақтан бізге қарай қыбырлап келе жатқан бірдеңе көрінді. «Түндегі шайтан болса жарар еді. Ит болса да, бетпе-бет бір жүздесіп, тілдесер ме еді... Қорқақ көзіме албасты боп көрінген, мүмкін, ол тағдырдан безген Адам шығар...» Кім болса да, көруге деген ынтығым артып, ағаммен бірге атты тебініп, алға қарай ентелей түстім. Алаңсыз аяңдап келе жатқан атымыз әлгіге құлағын шаншып қадала қалды. Қарайғанға қарай қалған ағам да: - Жарықтық, мынау әнәугүні жоғалған ортекем болмаса неғылсын... - деді жамбасынан дүрбісін алып жатып, - қасқыр тартып кетпей қалай тірі қалды екен жануар?..

Кісікиік-ғұмырым мені кісілікке жаратпапты. Ешкімнің қолына да қаратпапты. Құмырсқаның илеуіндей құж-құж қайнаған мынау сатпақ дүниеде, ірі болмаса да, тірі болып, көптің бірі болып, жай ғана жүре берсін деген болар жаратқан ием. Оған да шүкір! Шайтанарбам бүгінде төрт доңғалақты темір қорапқа айналған. Сонда да, сол баяғы «Бесбұлақтың» басындағы көне қорымдарға қарай, жападан-жалғыз әлі зырғып келе жатқан сияқтанам. Күн батпай, одан әрі өтіп кетуім керек...

Ердос ҚОНЫС

ДАЛА МЕКТЕБІ

Мектепке бармай тұрып мектеп көрдім.
Байқасам, сәби күнгі кетпепті ұғым.
Теріскеймен ұштасқан Жазыбайда,
Әкеге айтқан сөзін серт депті ұлың.

Балабақша көрмедік бүгінгідей,
Жақсы нәрсе қоймайды жүгіндірмей.
Айында бір келетін автолавка,
Үміт беріп тұратын үзілдірмей.

Бұл күнде апта барған базарынан,
Сол кез артық екен ғой қазағыма.
Сары алтындай сабырды серік қылып,
Қанағатын асатын қазанына.

Бір отбасы тұрғыны бір қарүйдің,
Әке сөзін айтқызбай ұл танитын.
Бір шаңырақ астында алған ілім,
Ең үлкен сыйы екен-ау бұл фәнидің?!

Ас бастаған емеспіз ата келмей,
Тұрмағанбыз қайырып бата бермей.
Тіпті, түлік кезегін күтетұғын,
Айғыр шауып, астаудан атан өрмей.

Түндіктен ай сәулесі маңдайды ала,
Түнгі әңгіме қызатын таңдай қаға.
Дыбысталып оқылып романдар,
Кезек күтіп жатушы ек шамды айнала.

Үзбеді әкем аталық нақылдарын,
Қонақ етті елдің көп ақылманын.
Арғымаққа мінгізіп ұл баласын,
Көкпар сайын нықтайтын тақымдарын.

Асау таймен алысты балалығым,
Қақпасында қорқыныш қамалының.
Осылайша мектепке бармай тұрып,
Тәлім етті даланың даналығын.

Сегіз ұл, сегіз тұлпар ертіп міндік,
Әкеге берген сөзді серт деп білдік.
Екі қызын қосқанда он перзенті,
Дана әкенің даласын мектеп қылдық.

Бұл күнде...
Ел-жұртына нұсқаған нағыз жоды,
Аузында Алла, айтары уағыз болды.
Маған – әке, сыралғы Сыр бойына,
Алашы ардақтаған абыз болды.

Сайлаухан ЖОЛАН

Облыстық бейнелеу өнері музейінде «Түркістан - Түркі әлемінің мәдени астанасы» аясындағы XX-шы TURKSOY ұйымына мүше елдер суретшілері пленэрінде салынған жұмыстардың қорытынды көрмесінің ашылу салтанаты өтті.

ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРЛЕРІНІҢ КӨРМЕСІ



Пленэрге 9 шет мемлекеттерден, яғни, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Босния-Герцеговина, Украина, Болгария, Молдавия, Башқұрстан, Азербайжан елдерінен 15 суретші, ал еліміздің Астана, Алматы, Павлодар, Шымкент қалаларынан 13 кәсіби суретшілер және Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері, ҚР Көркем академиясының мүшелері мен өнер профессорлары қатысқан болатын.

Көрменің ашылу және кездесуді қорытындылау шарасына облыстық мәдениет басқармасының басшысы Ахметжанов Нұрболат Қадырұлы және ТҮРКСОЙ ұйымы суретшілерінің ұйымдастырушысы Мехмет Санжар Мюлазимоглу қатысып, суретшілерді арнайы алғыс хаттар және сыйлықтармен марапаттады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы аясындағы «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру және «Түркістан-Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылы аясында басы қосылып, шығармашылық жолы тоғысқан Түркі әлемінің қылқалам шеберлері Түркістан қаласындағы Қ. А. Яссауи кесенесінде, Сауран және Отырар ауданындағы Арыстан баб кесенесі мен тарихи, мәдени ескерткіштерде, Хан тағы және Қаратау қорығы аумағы мен Бәйдібек ауданының Ақмешіт, Қостұра, Домалақ ана кесенелерінде, Қазығұрт ауданы мен Сайрам - Өгем тау шатқалдары және Шымкент қаласының көрікті жерлерінде этюдтік жұмыстар жасады.

Оңтүстіктің киелі, тарихи мекендерін майлы бояумен кенеп бетіне бейнелеген суретшілер боямысыз сұлулыққа бай өлкенің табиғатына деген таңданыстарын да жасыра



алмады.

Табиғат аясында салынған 135 дана кескіндемелік жұмыстар облыстық бейнелеу өнері музейінің көрме залына орналастырылды.

Пленэрдің мақсаты - тәуелсіз еліміздің салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ғасырлардан сыр шерткен қасиетті мәдени сәулеттік ескерткіштерді, тарихи орындар мен ұлттық өнерімізді насихаттау мақсатында түркі тілдес елдердің еңбек сіңірген өнер қайраткерлері және талантты қылқалам шеберлерімен кескіндеме саласы бойынша өзара тәжірибе алмасуды жүзеге асыру болатын. Сондай-ақ, Оңтүстік



өңірінің өзіндік табиғи географиялық ерекшеліктерін және көз тартарлық орындарын бейнелейтін халықаралық деңгейдегі өнер шығармаларын жасап, насихаттау, бейнелеу өнерінде жаңа көркем бағыттар мен пластикалық шешімдер және формаларды іздестіру басты назарға алынған.

«САРАСӨЗ»-ақпарат

КЕҢ ТЫНЫСТЫ, БОЯУЫ ҚАНЫҚ ӘНШІ ЕДІ



Қазақ дәстүрлі ән өнерінің шоқтығы биік бірегей тумаларының бірі –жез таңдай әншіміз Ғарифолла ҚҰРМАНҒАЛИЕВ екені даусыз. Жазуы жақсы адамның бәрі жазушы бола бермейтіні сияқты, дауысы жақсы адамның бәрі де әнші бола бермесе керек. Қазақстанның халық әртісі Ғарифолла Құрманғалиев те, жай сөйлеген кезде, көптің бірі сияқты сөйлейтін. Ал ән айтқандағы Ғарифолла ол мүлде басқа. Оны бір дүлей дауыл жерден көтеріп әкетіп, ән біткенше аспандата шарықтатып отыратындай еді. Ол әнді айрықша нұрланып айтатын. Оның дауысы біз білетін бұрынғы-соңғы әншілердің бірде-бірінікіне ұқсамайтын. Өнердің ең үлкен ерекшелігі де сол ұқсамауда. Ешкімге ұқсамағандығынан да ел-жұрт Ғарифоллаға дереу көңіл бөлді. Көп әншінің ішінен ол жарқ етіп жаңаша, оқшау көрінді. Содан өнерінің де, өзінің де бағы жанды. Ғарекеңді есте ұстау, оның мұрасын кеңінен насихаттау бағытында атқарылып жатқан шаруаларға оншалықты көңілі тола қоймайтын шәкірттерінің бірі, ҚР мәдениет қайраткері Бекжігіт СЕРДӘЛІНІҢ арқа мен батыс әндерін егіз айтып, бүгінде Түркістанға табан тіреген талантты әнші Қажыбек БЕКБОСЫНМЕН арада болған жүрекжарды әңгімесі көп жайттың бетін ашқан-тын. Эстраданың экспанциясына елітіп алған жастардың ендігі жерде халықтық музыканың колоритін, оның белгілі тұлғаларын біле қоюы немесе түсіне салуы екіталай шығар деген пікірмен намыс қажай сұхбаттасқан екеуара әңгімені сол қалпында жеткізгенді жөн деп таптық.

Қажыбек Бекбосын: Қазақтың халықтық ән дәстүрін, оның ішінде Батыс Қазақстан, турасын айтсақ, Мұхит Мералыұлының әншілік мектебін меңгеруде Ғарифулла Құрманғалиевтің орны бір бөлек. Қазақтың дәстүрлі әндерін орындаушылардың, яғни, бұрынғы өнер саңлақтарының қатары сиреп, өздерінің соңынан енді қандай жастар шығып, орнын басады деген екіұдай пікір туындап тұрған тұста Ғарекеңнің бұл өнерге келуі үлкен бір жетістік болды. Тіпті, сол кезде Ұлттық консерваторияның өзінде қазақтың дәстүрлі әндерін орындайтын мамандар әзірлейтін мамандық жоқ болатын. Міне, осы тұста бүкіл қазақ халқына танымал қоғам қайраткері, Мәдениет министрі Ілияс Омаров астанада Жүсіпбек Елебеков атындағы эстрада және цирк өнер студиясын ашты. Ол кезде мұндай студиялар тек қана Мәскеу мен Киевте ғана болатын. Осы студияда Ғарекеңмен қатар қазақтың майталман азаматтары сабақ беріп, шәкірттер дайындады. Айта кетсек, Қазақстанның халық әртісі, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қаныбек Байсейітов, КСРО халық әртісі Ыдырыс Ноғайбаев, өнер қайраткері Сергей Рубенцов-Басаян, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген әртісі, майтал-





ман сахна шебері Гүлжаһан Ғалиева, қазақ вокалды ән өнерінің бірінші кәсіпқой маманы, вокал өнерінің профессоры Бекен Жылысбаев, қарасөз шебері Рабиға Қаныбаевалар осы студияда сабақ берді. Осындай қазақтың майталман өнерпаздарынан дәріс алған көптеген шәкірттер арасынан сиқыршы-иллюзиянистер Сұлтанғали Шүкіров пен Сара Қабиғожина, биші Гүлжан Талпақова және мен Қазақстанның халық әртісі атағына ие болдық. Біздер аталмыш студияның алғашқы қарлығаштары едік. Мұнан кейін Әскербек Еңкебаев, Әлмырза Ноғайбаев сынды қаншама еңбек сіңірген әртістер, өнер қайраткерлері шықты.

Ғарифолланың еңбегі сонда, жоғарыда айтқанымыздай, Мұхиттің қайта тірілуіне, шығармашылығының бүткіл қазақ еліне жайылуына үлкен үлес қосты. Батыс өңірін айтпағанда, сол тұстағы өнерпаздардың дені Мұхиттың өнеріне еліктеп өсті. Егер Ғарифолла Құрманғалиев Алматыға келіп, Мұхиттың шығармаларын радиоға жазып, бүкіл қазақ жеріне жаймағанда, мүмкін Мұхит сол Орал өңірінің төңірегінен аспай қалған болар ма еді, кім білсін? Мұхиттың диапазонындай кең тыныстысол Мұхит әндерін орындау үшін керекті әншіні табиғаттың өзі сыйға тартуы тегіннен тегін болмаса керек. Былайша айтқанда, Ғарекеңді Мұхит шығармашылығының XX ғасырдағы жалғасы деп айтсақ та болады. Дәстүрлі ән өнерін халқына сіңіріп, мектебін қалыптастырып кеткен Әміре Қашаубаевты айтпағанда, кешегі Жүсіпбек Елебеков, Ғарифолла Құрманғалиев, Дәнеш Рақышев, Мәдина Есекеевалар біздің ұлттық өнеріміздің мақтанышы.

Бекжігіт Сердәлі: Бүгінгі таңда ұлттық өнерімізді сақтап қалу, кемшілігін толтырып, ұлтымыздың мүддесіне жарату қазақ халқының алдында тұрған күрделі мәселе екені даусыз. Ана тілімізбен қатар өз үлесін қосатын ұлттық өнер: ән, күй, жыр, терме екенін мойындап, болашақ жас ұрпаққа мағынасын түсіндіру алдымызда тұрған үлкен міндет деп білсек, Ғарифолла Құрманғалиев сияқты ән өнеріндегі ерекше тұлғаларды насихаттау бүгінгі ұрпақ алдындағы парыз іспетті. Енді әңгімемізді Ғарекеңнің туып-өскен ортасы туралы дерекпен сабақтасақ.

Қажыбек Бекбосын: Ғарекең 1909 жылы Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданында өте ауқатты, көп балалы отбасында дүниеге келді. 7 жасқа толғанда әкесі Құрманғали оны ауылдағы молдаға мұсылманша хат тануға береді. Ғарекең сол уақыттан бастап өзінің ерекшелігін, дауысының диапазонының кеңдігін, дауыс тембрінің сұлулығын таныта бастайды. Оқудың екінші жылынан бастап ауыл молдасы таңғы азан шақыру, кешкі бесін оқу сияқты дін жолындағы құран сүрелерін Ғарифоллаға қыраттап айтқызған. Ғарифолланың кең тынысына түскен азан әуенімен сол маңайдағы дауыс жететін жердегі адамдар намаз уақытының болғанын білетін. Мұны диапазоны кең (екі октава), тембрі (дауыс бояуы) сұлу, диафрагмасы мықты шәкірттерінің ғана орындай алатынын молда жақсы білетін. Ғарекең балалық шағын еске алғанда, әншілік жолының бастамасының қалай болғандығын, әншілік өнерге деген икемін танытып берген осы ауыл молдасы еді деп, өне бойы еске алып отыратын.

4 жылдық ауылдағы діни мектепті жақсы бітіріп шығады да, 11 жастан бастап ел аралап, той, шілдеханаларда ән салатын серілердің, әнші-күйшілердің өнерін көріп, балалық сезіммен еліктей бастайды. Оның ең алғаш қасында отырып тыңдаған өнерпазы Батыс Қазақстан әншілік мектебінде дара көрінген әнші-композитор Мұхит Мералыұлының баласы Шайқы сал болды. Баласының діннен гөрі өнерге құмарлығын сезген әкесі Ғарифолланы Шайқы салға ертіп жібереді. Маған айтқан бір естелігінде ол: бұл өзі жаздың жадыраған, жер беті көгеріп, гүлденген, ел жайлауға шығып орныққан мамыр айының іші еді дейді. Шайқының қасына ілесіп, сегіз-тоғыз ән үйреніп, жайлауда болып жатқан қыз ұзату, келін түсіру, шілдехана тойларына қатыса жүріп 3 ай уақыттың қалай өткенін де білмей қалдым. Сонда Шайқы таң бозарып атқанша әңгіме айтып, ән салып, арасында даусын демалтып алу үшін күй тартып, бір өзі концерт беретін. Маған да арасында 3 әннен айттырып, өзінің демалуына мүмкіншілік алып тұратын. Сол жолы «әнші бала» атанып, елге танылып қайттым. Өнердің қызығына түсіп, көп уақыттың өткенін байқамаппын. Бұл менің топ алдында өнерімді сарапқа салған әншілік жолдағы бірінші қадамым еді, деп еске алатын Ғарекең. «Мұхит Мералыұлын Жымпиты базарында ат үстінде отырғанын бір-ақ рет көрдім дейтін бір сөзінде. Бұл Ғарифолланың Мұхиттан тікелей өнер алмағанын дәлелдеп тұр. Демек, Ғарифолланың осылай кең дауыспен айтуы, біріншіден, табиғаттың өзі берген сыйы болса, екіншіден, оны ары қарай қалыптастыруға ұстазы Шайқы Мұхитұлының әсері болды деп толық айта аламыз. Шайқының қазақ өнеріне ізін қалдыруға мүмкіншілігі болмады. Ол кісі небәрі 32 жасында дүниеден озды. Оның атын шығарып, тарихта қалуына себеп болған, өнерін жалғастырып, халыққа жария еткен Ғарифолла Құрманғалиев деп айта аламыз.

Бекжігіт Сердәлі: Бұдан кейінгі өнер жолынан дерек бере кетсеңіз.

Қажыбек Бекбосын: 1934 жылы Қазақстанда қазақ өнерінің слеті болып, барлық өнерпаздарды Алматыға жинап, жаңа құрыла бастаған мемлекеттің заманына сай кәсіпқой өнер ордасы - музыкалық драма театры (қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы драма театры) ашылды. Қазақ ұлттық саз аспаптар оркестрін құру мақсатында Ахмет Жұбанов әнші, күйші, қобызшы өнерпаздарды таңдап ала бастады. Олардың ішінендеқазақ музыка тарихында аты әйгілі Қазақстанның халық әртістері Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Құрманбек Жандарбеков, Қаныбек Байсейітов, Шара Жандарбекова, Күләш Байсейітова, Әміре Қашаубаевтар болды. Күйшілерден Жапбас Қаламбаев, Қали Жантілеуов, Дәулет Мықтыбаев, Уақап Қабиғожин, Иса Байзақов, Қамбар Медетов, Лұқпан Мұхитов, Дина Нүрпейісоваларды таңдап алып, қазақтың тұңғыш ұлт аспаптар оркестрі құрылды. 1936 жылы екінші өнер слеті байқауы өтіп, Ғарифолла Құрманғалиев келді. Ондағы мақсат қазақтың музыкалы театрын ашу (қазіргі Абай атындағы опера және балет теа-

тры). Сондағы сыншылардың сынынан сүрінбей өткен кең тынысты, бояуы сұлу, ұшқыр үнді, шағын бойлы, бұйра шашты, шегір көзді, қызыл шырайлы, шабытты адам, тыңдаушыларын, сынаушыларын таң қалдырған екі адам болды. Бірі - Әміре Қашаубаев, екіншісі - Ғарифолла Құрманғалиев. Ол Алматыда қалып, опера театрында жұмыс жасады. Опера театрының ең алғашқы кәсіби дәрежеде қойылған спектакльдерінде ойнады. Қазақстанның халық әртісі, әнші, тұңғыш опера режиссеры Құрманбек Жандарбековтың жетекшілігімен шағын-шағын операдан үзінділер көрсетіле бастады.

Бекжігіт Сердәлі: Ғарифолла Құрманғалиев батыс өніріне танымал әншілік, жыршылық, термешілік өнерді бір өзі меңгерген өнер адамының ішінде сирек кездесетін құбылыс. Болашақта оны түбегейлі даралап зерттесек, диссертациялық еңбекке сұранып тұрған тақырып екенін мойындауымыз керек. Ғарекеңнің асқан актерлық қимылымен, бет әлпетінің қозғалысымен көрсетіліп, таза тембрлі, ұшқыр дауысымен шырқалған Шегенің ариясы көрерменнің көз алдында. Осындай талант иесінен өзіңіз не білдіңіз, не үйрендіңіз?

Қажыбек Бекбосын: Ол кісіге шәкірт болып, ән айтудың қыр-сырын үйренгеніме өте қуаныштымын. Ғарекең бұл өмірден өткенше ұстаз-шәкірт болып сыйласқаныма өзімді өнер адамының ішіндегі бақытты адамның бірімін деп санаймын. Ғарекеңнің бір әңгімесінде: «Берген рөлдердің образын жасау үшін үйдегі айнаның алдында дайындалып, берілген рөлді образын шығарғанша дене қимылын, бет қимылын қозғап, дайындық үстінде жүріп, таңның қалай атқанын білмей, келіншегім Рабиға «таңғы шайыңды ішпеймісің» деп шақырғанша таң атқанын білмеуші едім» - деп айтып отыратын. Бұл өнерпаздың өнерге берілгендігінің, өз өнерін сүйгендігінің белгісі. Өнерді оп-оңай еңбек деп түсінетіндер де бар. Ол өте қате ұғым. Өнер инемен құдық қазғандай. Еңбекпен келетін табандылықты, еңбекқорлықты, ізденушілікті керек ететін, көзге көрінбейтін, тыңдаушысының құлағына кіріп, бойын билейтін құдіретті де сиқырлы мамандық. Ол мұхиттың терендігіндей түпсіз, көк аспандай шексіз, шыңына ешбір адам жетіп көрмеген мамандық деп танимын. Кәсіби көзқараспен қарап, әннің талабын ашып, мақсатына жету жолында істелетін шаралар жолында кететін уақытты күнмен өлшейтін болсақ, бір әнді танып білу үшін 3 ай уақыт кетеді деп есептесек, қып-қыска адамның өмірін салыстыруға болмайтын өлшем екеніне көзіміз жетеді. Ғ.Құрманғалиев 100 әнді радионың алтын қорына, 100 шақты жыр-термені үлкен 4 күйтабаққа жаздырған. Ұзын саны 80-ге тарта өз әні тағы бар.

Бекжігіт Сердәлі: Ғарифолланың әншілік орындаушылық мектебіне үңілсек, Батыс Қазақстан стилі төңірегінде қалыптасқан ән, жыр, терме өнері репертуарында қосарланып жүреді. Бұл өнердің әрқайсысы, әр саласы өз алдына үлкен талап қойған терең талғампаздықты талап етеді. Әншіліктің, вертуоздық шеберліктің ең жоғарғы деңгейдегі талабымен келетінін ойласақ, Ғарифолла Құрманғалиев табиғаттың өзі сыйлаған мол шабыт иесі екендігін көреміз. Оған дәлел дауыс кеңдігі екі октава болатын Мүхит шығармаларының репертуарында жүруі. „Айнамкөз», „Үлкен айдай», „Зәуреш», „Кіші айдай», „Паңкөйлек», „Дүние-ау» әндерін орындағанда оң қолдың саусақтары домбыра шанағын бебеулетіп жібермей ме? Тыңдап отырып, шапқан аттың жүрісін көз алдыңызға елестетесіз. Ал ән шалқып жатқан кең тынысты жан даусы шыққан жоғарғы нота өкпені қабындыратын деммен, ұзақ ферматаларды ұстауы әннің лирикалық, трагедиялық тереңдігін көрсететінін сезсек, жаңағы домбыра ойнау оң қолының ерекшелігінің көрінісі тек қана Ғарифоллаға тән стиль деп ұғамыз. Ғарекеңнің тағы қандай қырларын айта аласыз?

Қажыбек Бекбосын: Ғарекеңнің тағы бір қыры – жинақтаушылық, біздің ұлттық өнер дәстүрі бойынша атадан балаға жалғасатын ауыз әдебиетін насихаттауы. Ұстаздан шәкірт жалғастыратын әншілік, жыршылық, термешілік өнерлеріміз тек қана естіген құлақпен жатталып, ауызекі айту арқылы тарағанын ескерсек, батыс өңірінің жоғарыда айтылған күллі өнер түрлерін алып келіп, академияға, радионың алтын қорына, күйтабақтарға жазылуы Ғарекеңнің бойындағы зеректігі арқылы жиналып, өшпестей етіп жазылып, болашақ өнер қуған ұрпақтың үйреніп білетін, тәлім алатын өнер жиынтығы болып отыр. Мұның мәңгілік сақталып, талай ұрпақтың пайдасына тиетін үлкен қазына екенін ойласақ, Ғарекеңнің үлкен еңбегін көріп оның үлкен фольклорист екеніне көзіміз жетеді.

Бекжігіт Сердәлі: Осы Ғарекеңнен бастау алған қазіргі ән өнеріне көңіліңіз тола ма?

Қажыбек Бекбосын: Қазір ән де көп, әнші де көп. Бірақ басым көпшілігі біздің ұлттық ән емес. Ырғағында да, иірімінде де шығыс пен латынамерикандық бір даңғаза екпін басым. Бұл ұлтты жаулаудың «мәдени» түрі. Тілінен, әдет-ғұрпынан, әнінен жаңылған елді билеу оңай. Басқалардың бізге жүргізіп отырған жымысқы саясаты осы. Мұны ұғар әуесқой әншіні де, кәсіпқой музыкантты да әзірге байқай алмай отырмын. Музыкант гитара арқалап сахнаға шыққанына мәз, әнші клип қуалап әуре. Бұған қарсы мемлекетіміздің тарапынан жасалып жатқан нақты іс-шаралар да байқалмайды. Маған дәстүрлі ән өнерін насихаттаушы ретінде күнделікті күн тәртібінен түспейтін дәстүрлі өнерді дәріптейтін бір орта қажет болды. Менің Түркістанға келуімнің себебі де осы. Мұнда қаймағы бұзылмаған дәстүр бар, тілі таза жастар бар, ең бастысы, өнерді қадірлер орта бар.

Бекжігіт Сердәлі: Дәстүрлі өнерді бүгін насихаттамасақ, руханиятты бүгін көтермесек, ертең кеш қалатынымыз ақиқат. Мұны бүгін қоя тұрайық, ертең үйретіп аламыз деу үлкен қателік. Кенеуі кеткен экономикамызды қаржының күшімен орнына келтірерміз-ау, бірақ дәстүрлі өнердің арқауы бір үзілгеннен кейін оны қайта қалпына келтіремін деу бекершілік. Қазір бізде сауатты тыңдаушы жоқ. Эстрадалық әнге елітіп алған ел домбыра үні естілісімен залдан шығып кете барады. Бұған бір жағынан олар кінәлі емес те. Концерттік бағдарламаны бір жақты әзірлейтін ұйымдастырушылар оларды осыған үйретіп алған.

Тыңдаушыларымызда өре жоқ дейтінім содан. Бұған қалай қарайсыз?

Қажыбек Бекбосын: Біз бала күнімізден ЖүсіпбекЕлебековтердітыңдапөстік.Сарыарқаның саңлақ өнерін сарымайдай сақтап ұрпаққа жеткізіп отырған Жүсекеңдерді сол кездегі ауылдағы қарапайым, бірақ зердесі зерек шалдар сынап отыратын. «Қап әттеген-ай, мына жері былай еді ғой, ана жерін бұзып айтты ғой» деп күйіп-пісетін. Бұл дегеніміз сол кездегі тыңдаушының өнерге деген өресінің биіктігін білдіреді. Қазіргі тыңдаушылар Қайрат пен Қаламқасты былай қойғанда, Ғарифолла мен Жәнібектің кім болғанын жете біле бермейді. Есесіне шетел әншілерінің өмірін, олардың жеке махаббат хикаяларын жаттап алған. Қазақ ән өнерінің тарихын білмейтін адамнан қандай тыңдаушы шығады? Біздің бағамызды ашатын да, абырой мен атақты беретін де өрелі тыңдаушы емес пе? Тек әніміз арқылы ғана халқымызға ардақтымыз. Басқа түгіміз жоқ. Жоғарыда айттық қой, қазір тобырлық санаға қызмет ететін рухсыз, мазмұнсыз даңғаза әуендер етек алды. Күнде де, түнде де солардың билігі жүріп тұр. Гитлер соғыс ашардан бұрын он шақты жыл бойы басқыншылық рухтағы марштармен күллі неміс халқын үзбей сусындатып отырған. Музыка арқылы адам санасын жаулаудың үлгісін әйгілі британдық “Битлз” тобы да дәлелдеп кетті. Біздің де бойымыздағы қанымызды қоздырып, рухымызды тік тұрғызатын осы дәстүрлі өнеріміз. Мен туып-өскен жер Талдықорғандағы Қапал ауданы. Ал рухани ұстазым Ғарекеңнің туып-өскен жері сонау Батыс Қазақстан облысы. Екі ортамыз тура үш мың шақырым. Ән айту мектептеріміз де бөлек. Бірақ екеумізді табыстырған кәдімгі радио. Ол кезде әр ауылдың ортасында бағана басында репродуктор саңқылдап тұратын. Оның үні ауылдың ана басынан мына басына анық естілетін. Радиодан Ғарекең ән салса бітті, менде ес қалмайтын. Ішімнен оның әуенін, үнін қайталауға тырысатынмын. Өте ұялшақ болдым. Дауысым бар екенін білсем де, ел алдына шығып ән салудан қашатынмын. Тауға шөп шабуға барғанда, айдала, аппақ қарда, ешкім жоқ жерде ән саламын. Іштей рахаттанамын. Мұнымды сезіп жүрген шөпшілер: «Әй, Қажыбек, шөпті қайтесің. Одан да сен бізге ән салып бер. Біз саған шөпті өзіміз-ақ тиеп береміз», – деп қолқалайды. “Шөпті өздері салып берсе несіне қиналайын” деп іркілмей өзім жаттап алған татар әні «Ғалиябануды» әуелете жөнелемін. Менің даусым ауылдағы ағайындарға да естіліп тұрады екен...

Ғарифолла ағаның әншілік мектебі – халықтық өнеріміздің мақтанышы. Оның ән айту, ән шығару үлгілері үйренуге, насихаттауға шеберлігі жағынан да, тақырыптық-мағыналық маңыздылығы жағынан да лайық. Қазақстанның халық әртісі марқұм ағамыз Ғарифолла Құрманғалиевтің өнері өлмейтін, өшпейтін, халқымен бірге жасайтын жақсы арнаға сенімді түрде қосылды, тәубе деп сеніммен айта аламыз.

ҒАРИФОЛЛА ҚҰРМАНҒАЛИЕВТІҢ РЕПЕРТУАРЫНДАҒЫ ӘНДЕРДЕН

СҮЙГЕН ЖАР

Атың сенің, сүйген жар, көңілге шат,
Қуанамын көзіме көрінген шақ,
сүйген жар.
Қатар-құрбы ішінде орның бөлек,
Сөзің тәтті бір жансың күлкің жұмсақ,
сүйген жар.

Қайырмасы:

Бар ынтам өзіңде,
Бір ауыз сөзіңде.
Жанарың жанып тұр,
Жалт еткен кезіңде.

Кел екеуміз өмірге бір барайық,
Дала көркем, ой әсем, қыр ғажайып,
сүйген жар.
Тату саған, тәтті күн, асқақ оймен,
Жаңа өмірге үлгі боп жырлау лайық,
сүйген жар.

Қайырмасы:

Жақсы жар, жанымсың,
Бақытым, барымсың.
Арманым, тілегім,
Бір жерден табылсын.





СЕНІМНІҢ САЛМАҒЫ

НЕМЕСЕ САҢЛАҚ САРДАР ТУРАЛЫ ЖЕТІ ТҮЙІН

БІРІНШІ ТҮЙІН

«Тұлпар қорада тұрса да, көңілі далада тұрады» – деген атам қазақ, еркін жұртымның, бодансыз қазағымның жиырмасыншы қысы жақындаған сайын сандығымның түбінде қос дипломым сарғайып, шаң қауып жатса да, «Көппен көрген ұлы той ғой» деп, елмен бірге болып, ермен қатар жүріп қалған мырза-көңілім Арқаның төріне – Астанаға қарай алаңдай берді…

…Қай заманда да күшті қуатымен алған, мықтыға бәрі жарасқан. Қазақ – тектінің таралғысы. Біз орасан ойлап, ірі тұраймыз: қазақ ала тақия киіп, келілеп алжұмыр сатпайды, саудаға ден қойса – шойынжол қайыстырып, есеп-қисап қылады; қазақ тамның төбесіне сасық сарымсақ өсіріп, ала сөмкемен тасымайды, бел шешіп кіріссе – сауда-көліктерінің керуені кеден бекеттерін кептеп тастайды…

Қазақтың киелі топырағы – Ер Түріктің туған бесігі, ата қонысы. Қазақ жұрты – кеудесін ешкімге басқызбаған тәкаппар Тұранның төл иесі. Қазақтың жайсаң даласы – Алты алаштың алтын кіндігі. «Аттың бәрі тұлпар болмас, құстың бәрі сұңқар болмас», қазақтай өр кеуделі, жасын жігерлі жұрт жердің бетінде санаулы ғана…

Қаһарман қазақ баласы басына қаншалықты қияпат-зомбылық туса да, Тұран топырағын тастап, қиырға қия баспаған. Жат жерден – жақсы өмір, бөтен беткейден – баянды бақыт іздемеген. Ақырғы қасық қанын текті топырағына сіңіруге пейіл болған. Ата-бабамыз да, ата-анамыз да, аға-апамыз да бізді тектілікке тербиелеп, ізгілікке ұйытқан, ірілікке үйреткен…

…Бағзы бір заманда бір сұлтанның екі құлы қыстың суығында қожайынынан қашып кетеді. Әр жерде түнеп, шаршап демалғанда, қашқынның біреуі астына шөп-шалам төсеп, бойын суықтан жасырады екен де; екіншісі, жеткен жерінде ештеңеге қарамай, құлай кететін көрінеді. Көп ұзамай, қашқындар қолға түсіп, еліне әкелінеді.

«Қашып жүріп, өзін күткен кім? Күте алмаған қайсың?» – деп, сұрайды сұлтан. Қашқынның біріншісі: «Өзімді күткен менмін. Аз күн болса да, адамша демалып, жан тынықтырдым» – дейді. Екіншісі: «Қашып-пысқан кісі жанына жайлы жағдайды қайдан ойлайды, мен бұйырған жерде аунай кеттім?!.» – деп жауап береді.

Сұлтан өзін күткен қашқынға бостандық беріп, екіншісін: «Өз басының қадірін білмеген адам, өзгенің де қадірін түсінбейді» – деп, жазалаған екен…

…Осы оқиғаны ойласам, менің санама он жеті жыл бұрынғы жағдай орала кетеді. Бір қарағанда, қатардағы қарапайым жағдайдай көрінгенімен, арада біраз қар еріп, су аққаннан кейін тереңіне үңілсем, кейде адамның ғұмырлық ұстанымдары қалыптасуы үшін бір ғана оқиғаның немесе жалғыз ауыз сөздің өзі жетіп-артылатын сияқты.

…Менің қазақ Үкіметі аппаратының қызметкері кезім. Кеңестің қираганына бес көктем өтсе де, орыстың ойранының тазаланып үлгермеген кезеңі еді. Үкімет кеңсесіндегі келімсектердің кеудесі басылып үлгермеген. Жетпісті алқымдаған жөйттің кексе қатындары талтаңдап, үкіметтің даңғарадай дәлізге сыймай, нар атандай теңселеді. Бұлардың не сиқыры барын қайдам, әйтеуір, қазақ көкелерімізді ұршықша үйіріп, көбелекше қалбалақтатып қойған…

Бірақ, кешегі комсомол-жастардың жетекшісі, Үкімет басшысының орынбасары Иманғали Тасмағамбетовтей рухы мықты, белі бекем, азулы қазақтарға тістері батпайды. Әлімжеттік жасайтындары мен секілді оң-солын танып үлгермеген өрімдей қазақтың баласы. Қазақты көктей солдыруға бекінген орыстың шовинизмі мен жөйттің массонизмі – алаш арыстарының кезеңінен бастап, жетпіс жылдан астам уақыт жүргізген «жылан жорығынан» әлі бас тарта қоймаған.

Бір күні тағы кезекті штат қысқарту басталды. Тағы да «ең жас» деп, маған шүйлікті. Аз-маз өз күшіммен «аман қалуға» талпынып едім, онымнан ештеңе шықпады. Сосын, «Барар жер, басар тауға» балама табылмағасын, Иманғали Тасмағамбетовтың қабылдауына бардым. Нартәуекел!..

Әйткенмен, Имекеңнің көмекшісі Аманияз: «Бастықпен жаңа сөйлестім, көңіл-күйі жоқ!» – деп, көңілімді су сепкендей басты. Қайтесің, «Жазмыштан – озмыш жоқ», пәсейген күйде далаға беттегенімде, Тасмағамбетов қарсы алдымнан шықты. «Қалайсың? Маған келдің бе?» – деп, сұрады қағылез Имекең көңіл-ауанымды дөп басып. Қапелімде кібіртіктеп қалдым…

«Не бұйымтай?» – деп, Тасмағамбетов төтесінен сұрады, кабинетінде. Жағдайымды айттым. Телефон тұтқасын көтерген Иманғали сұқбаттасқан адамына батыл сөйлеп, батырып айтты: «Қазақтың қолы өз ауызына жаңа жетті. Ес жидық, етек жинадық, мемлекет басшысын сайладық. Енді қазақ үшін басы ауырып, балтыры сыздайтын, елдің басшысына шынайы жаны ашып, қолғабыс ететін азаматтар керек!..». …Телефон тұтқасын орнына қойған Тасмағамбетов әупірім уақыт ойланып отырып: «Иә, біз осындаймыз?!.» – деп, қабағын шытқандай болды.

«Нағыз жігітте екі өнер болады: атқанда – жығады, айтқанда – ұғады!» – депті, қадам замандағы қарияларымыз, сөз жоқ, қызмет баспалдақтарымен арындап өсіп, абырой-беделі үздіксіз биіктеп келе жатқан Тасмағамбетовке қарсы уәж айтуға жүрек жұтқан батылдық керек. Менің мәселем шешілді. Алғысымды айтып, есікке беттегенімде, жастардың жетекшісі: «Есіңде болсын, қадіріңді білмеген жерге, қадам баспа!» – деді…

Имекеңнің осынау ғибратты сөзі – Мұстафа Кемал Ататүріктің бір уәжін ылғи еріксіз есіме түсіреді. Мұстафа Кемал Ататүрік – өзі түрік, түбі түркі, тарих тезінде тізелеп қалған Түрік елін тік тұрғызып, жалпақ жұртын жинақтап, ұлтын ұйытып, ел қатарына қосқан тұлға.

Бірде Ататүріктің шақыруымен Ұлыбритания королі Түркияға келіп, қонақ болыпты. Бұл кездесуге Ататүрік жан-жақты дайындалады. Өзін тамаша көшеметпен қарсы алған Түркия басшысына риза болған ағылшын патшасы: «Кемал паша, менің Сізге алғысым шексіз! Мен өзімді туған елімде жүргендей сезініп тұрмын!» – дей бергенде, бір даяшының аяғы шалынып, ыдыстар күл-парша сынып, ыңғайсыз жағдай туады. Сонда Ататүрік сабырмен ғана: «Ғафу етіңіз, мен түрік ұлтына көп нәрсені үйреттім. Бірақ, біреуге малай болуды, құл болуды үйрете алмадым!» – депті…

Имекеңнің сол бір мұңлылау кейіпте айтқан тобықтай түйін сөзі де әлі күнге дейін құлағымды. Қашанда «Ер – елдің жаужағының қалқаны, желжағының қорғаны» болған ғой, Имаш ағаның қоштасардағы сөзі бүкіл өмірімнің жол көрсеткіш шырағындай маған бағыт сілтеп, адастырмай, әлі күнге дейін алға сүйреп келеді…

Тәрбие түзу болғанымен, тегің кемшін, болмысың болбыр тартса – бұл да бір бітпес қасырет.



Қарабайыр қасиетсіздік пен тапыраң тексіздік – біздің табиғатымыздан тыс, болмысымызға бөтен, жаратылысымызға жат. Қазақ бағынса да – шағынбаған, бодан болса да – бодау болмаған, құр болса да – құл болмаған, қалай болса да – малай болмаған жайсаң жамағат!

Мерейімізді тасытып, мейманасымыз асатын кешенің өсиеті аз емес, бізде. Бекет Ата Піріміз: «Киелі өсиет – елдің қазығы, ұрпақтың азығы, әруақтың есігі, иманның бесігі, Құранның өңі, шариғаттың белі, тектіліктің төлі! Бұрмалаған пенде – Елдің шөлі!» – депті.

…Әттең, қазір жақсы – өшкен, жаман – өскен кертартпа-кәззәп, кесапат кезеңге тірелсек – тағдыр-талайымыздың жазуы шығар, жұмыссыз қалсақ та – жалынатын, тиынсыз болсақ та – табынатын жайымыз жоқ, ешкімге.

Екі қолға – бір күрек. Тайсалмайтын бір жүрек. Күрек – қалмасын, жүрек – талмасын! Күш-қуат кемімесін! Қарнының ашқанына емес, қадірінің қашқанына жылаған ұрпақтың ұлықты ұланының қарымы жетпесе де – қадірі кетпесін!.. Кім не десе, о десін – қазіргі қазақ кешегі сайын даланың төсін тескен саңлақ сақтардың сарқыты, қайсар ғұндардың ғибраты, қасиетті көшпендінің көзайымы!..

ЕКІНШІ ТҮЙІН

Жасыратыны жоқ, қазақ елі еркіндікке жеткен тоқсаныншы жылдары қазақ жастарының басшысы да, үлгісі де Иманғали Тасмағамбетов болды. Мемлекет басшысы коммунистік партия мен комсомол тарихтың сахнасынан біржола кеткенде, И.Тасмағамбетов үшін арнайы «Мемлекеттік жастар комитетін» құрды. Сол тұста: «Қызметтік лауазым – адамды емес, адам – қызметтік лауазымды көріктендіреді» – деген, тұжырым пайда болып, қалыптаса бастады. Елбасымыз Атыраудан аттай қалап, Алматыға әкелген жас жігіт Иманғали өзінің іскерлік қабілетімен, білім-білігімен, азаматтық келбетімен көптің көңілінен шықты…

…Алыпғасырдыңалмағайыпақырғыжылдарының аптап ыстық бір жазында Алматыдағы үйсіз-күйсіз ауыл жастары өздерінің тұрғын-үй мәселелерін шұғыл шешуді талап етіп, Алматыдағы Ескі алаңда аштық жариялап, күндіз-түні жатып алды. Күн артынан күн, апта соңынан апта өтті. Жастардың қатары он есе-леп өсіп, қаланың барлық үйсіздері шоғырлана бастады. Іс насырға шабуға айналды.

Жастардың жетекшісі Иманғали Тасмағамбетовке де сын сағаты туды. Бұрын-соңды тәжірибеде кездеспегендіктен, бұл шиеленістің шешімін ешкім көпке дейін таба алмады. Тек, Иманғали ғана: «Әзір тұрған пәтерлер жоқ, сондықтан, жастарға жеке үй салуға жер телімдерін беру керек» – дегенді айтты.

Сол кезеңде Алматы облыстық комсомол ұйымының сектор меңгерушісі болған мен республика комсомолының бірінші басшысы Иманғали ТасмағамбетовтыңАлматықалалық атқару комитетінің төрағасы Заманбек Нұрқаділовке: «Заманбек Қалабайұлы, тіркеуі жоқ, үй-күйсіз қазақ жастарына қаладан жер бөліп беруді тәжірибеге енгізсек деймін. Қазақтың топырағын жаудан қорғауда осы қыздар мен жігіттердің ата-бабалары да қандарын төкті ғой. Бұларға бермеген жерді – кімге береміз? Мәселенің бұдан басқа шешілу жолын көріп тұрған жоқпын!» – дегенін есітіп, айызым қанып, разы болып едім.

«Сыбырлағанды құдай естімейді ме?» – демекші, қазақы қасиеті мен ұлтшылдық ұлағаты кез келген қазақтан асып түсіп, тасып-жығылатын Тасмағамбетовты осы күні сан сықырлы саясаттың жалалығы мен қаралығының құрығына қамалған базбіреулер Алматыдағы «Шаңырақтың» «шатағына» шырмап, «Бақайдың» дауына батырғысы келіп, бос әуре, құр қоқан-лоққыға еріп жүрген сияқты. Қазақтың қоңыр ауылының бар қадір-қасиетін бойына тереңдей сіңіріп, тілі де, ділі де, діні де, табиғаты да қазақылыққа тұнып тұрған қазақтың қара баласы Иманғалидың туған ұлтына қарсы шыққанына, санаға симайтын мұндай мылжың-сандыраққа – есі дұрыс, бауыры бүтін, Имекеңнің болмысымен аз-кем таныс адам сенбейді…

…Атыраудағы әкімдік қызметінде Иманғали қалада ең зәулім мешіт салғызды. Тасмағамбетовтың: «Мешітті кісінің есімімен атамаңдар!» – деген талап-өтінішіне «қарамай», жұрт қазір осы ең үлкен ғибадат орынын «Иманғалимешіті» депатайды.Аудандарменауылдарда да Тасмағамбетов мешіттерді көптеп тұрғызып, кесенелерді жөндеуден өткізді. Қараусыз қорымдарды қоршатты. Мәжіліс арқылы қорымдардың мемлекет қамқорлығына алынуына ықпал жасады. Қаланың ең ірі көлік көпірін салды. Мемлекет басшысының алғысын алған Атырау көпірінің құрылысынан кейін-ақ көпір салу – еліміздің түкпір-түкпірінде үрдіске айналды

Қазіргі адамдардың бір-бірімен сирек араласып, мейірімінің азайып, кісікиіктеніп бара жатқанын аңдап-

алаңдаған Иманғали адамдар жүретін аспалы көпір салуға кірісті. «Көпірдің ұзындығы ұзақ болғандықтан, екі жағалаудан ағылған адамдар қатар жүріп, бір-бірімен танысатын болады, сөйлесіп-шүйіркелеседі, бауырмалдығы артады…» – деп тұжырымдады, Тасмағамбетов.

Иманғали – Атырау алқабының алыс ауылдарына оқтай түзу тас жолдар тартуды қолға алды…

Иманғали – Каспий теңізі жағалауындағы Әзербайжан, Иран, Ресей мемлекеттерінің дипломатиялық корпустарын шулатып, әрі нәпақасын балық барымталығымен тапқандармен жағаласып жүріп, атыраулықтардың атышулы балығын заңды жолдарымен өздеріне толық қайтарды…

Иманғали – Америка құрылығының, Еуропаның, Қытайдың баспасөз құралдарының «құрығына ілігіп», қазақтың ауасын ластап жатқан осы елдердің мұнай компанияларына дүниежүзілік қалыптасқан тәжірибелерге сүйеніп, көлемді мөлшерде айыппұлдар салдырды…

Анасының сүтімен, атасының қанымен сіңген қымбат қасиеттері – Тасмағамбетовке қазақтың тілін, діліп, дінін, тарихын, әдет-ғұрпын, салт-санасын және рухани құндылықтарын терең түсініп, қай қызметінде де жәдігерлерді қызғыштай қорғауына ықпал етумен келеді. Оның тікелей бастамасымен ұлтымыздың мақтанышы Бейбарыс Сұлтанның топырағы Арыстан Баб кесенесіне әкелініп, белгісі қойылды…



Пайғамбар үмбетінің басты сауаптары: мешіт тұрғызу, жол төсеу, көпір салу, құдық қазу, ағаш егу болса, біреулердің бұған шамасы келмейді, шамасы бар кейбірінің – иманы жетпейді.

Иманғалидың иманының беріктігі барлығына жетті. Аталған сауаптардың қай-қайсысын да дабырадүрмексіз, айқай-шусыз, сабырлы салиқалылықпен іске асырды.

…Біреулер Тасмағамбетовті «тастай қатты» деп жатады. Қатты болмай қайтсін – нақақтан-нақақ тасадан тас атып жатса…

Келесілері Тасмағамбетовті «құрыштай қатаң» дейді. Қатаң болмаса – халқы қатардан қалып, өркениеттен кенжелеп қалмай ма?!.

Үшіншілері Тасмағамбетовті «темірдей қатал» деп атайды. Қатал тәртіп – тазалық пен жинақылыққа, жігерлілік пен рухтылыққа, жауапкершілік пен шыншылдыққа, кәсібилік пен көрегендікке тәрбиелейді…

Қадым бір заманда қазақтың дауылпаз жырауы Доспамбет ақау жүректі қатайтып, жақау жігерді жанитын жалынды жолдар қалдырыпты, артына…

Тоғай, тоғай, тоғай су,
Тоғай қондым, өкінбен,
Толғамалы ала балта қолға алып,
Топ бастадым, өкінбен,

Тобыршығы биік жай салып,
Дұспан аттым, өкінбен,
Тоғынды сарты нар жегіп,
Көш түздім, өкінбен,

Ту құйрығы бір тұтам,
Тұлпар міндім, өкінбен,
Туған айдай нұрланып,
Дулыға кидім, өкінбен!

Ал, жақын әңгімелесіп, жылы сырласа қалсаң – Иманғалидің мінезі жүзімнің иіккен бұтағындай жұмсақ. Қоңыр дауысынан, ақылды сөздерінен, мейірімді көздерінен ыстық бауырмалдық, айрықша ағалық қамқорлық, рухани жақындық пен жылылық сезінесің. Хакім Абай айтқан «рухани жақындық» осындай-ақ шығар-ау…

…Құнанбай қажы Абайды «үлгі-өнегесін көрсін» деп, досы Қаратай шешенге жақын ұстаған ғой. Бірде Қаратай ақсақал Абайды үәжден ұтпақ болып: «Біздің заманымыз Пайғамбарға жақындау, сондықтан, сенің дәуіріңнен артық!» – депті. Сонда, жас Абай мүдірместен: «Пайғамбарға туған әкесінен жақын бола алмайсыз ғой, Қареке, ал, оның әкесі дінге кірмеген кәпір болатын. Ендеше, ең абзалы – рухани жақындық қой» – деп, ұстазын сөзден жығып кетіпті.

Шариғатта уәде етілген: «Қарапайым адамды – Хақ Тағаланың жеті қабат көкке дейін көтеретіні» рас шықса, Иманғали шарықтаған биікке көптің көз-жанары жетпейтін болды ғой. Баяғыда бір ақжаулықты әжеміз айтқан екен: «Өзім «жоқтау» білмеймін, «жоқтау» білгеннің – шалы өлсін!» – деп. Басқаны қайдам, мен білетін Иманғали – сөздері сары майдай жұмсақ, көңілі құлап, сеніміне кірген кісіге ішкі сырларын шын жүрегімен, шынайы пейілімен бүкпессіз ақтаратын, барынша ашық-жарқын қазақтың қара баласы…

Сол қазақтың Иманғалидай қара балаларының қойны-қонышы байлыққа лықа толы кең-байтақ атамекені – қазір жақынның да, алыстың да; достың да, дұшпанның да көзқұртына айналды. Бүгінгі биліктегі қазақ тіліне кекірейе қарап, тек орыс пен ағылшынша шүлдірлеген «өркениетсымақ» көркеуделерге ерік

берсең, жеріміздің күллі қазынасын сыртқа пұлдап, қазақты ит қосып қуып-тентіретіп, тезек терігізіп жіберер ме еді, қайтер еді?!.

Құдай қолдап, Иманғалидай қайсар да қайратты, нағыз қазақи жігіттердің адуынды күш-қуатымен, өркени білім-білігімен, ыстық ынта-жігерімен ғана қазақтың киелі топырағы мұртын балта шаппай, тұтас сақталып отыр…

…Бүгінгі жаңа заманның әкіміне іскерлік аздық етеді, тынымсыз, толыққанды, жаңа технология жаңалықтарынан жарты адым қалыспайтын ілкімді ілім-білім қажет. Оқ бойы оза шауып, ойын оңынан,



шаруасын соңынан орамды атқаруға дағдыланған Иманғали Нұрғалиұлы әрдайым әріптестерінің алдында. Атыраудағы, Алматыдағы, Астанадағы ең үздік технологиялық тәсілдермен, өркениет сәулетіне сай тұрғызылған, көз жауынды алатын зәулім шынылы ғимараттар мен мың бұралған аспалы көпірлер Тасмағамбетовтен бұрын-соңды қазақ топырағында болған емес. Мұндай тосын жаңғыртулар мен қабырғалы өзгерістер ортақ отарбадағы ортанқол әкімнің қолынан келмейді…

Бағзы бір уағыздың ғибраты айтады: «Йеменде құрма ағаштарын басқаша егіп, мол құрма жинайтын көрінеді. Біз ағаштарымызды бабаларымыздың бұрынғы әдісімен егейік пе, әлде, Йемендегідей етіп егейік пе? – деген сахабасының сұрағына, Хақтың елшісі былайша жауап беріпті: – Біразын бабаларымыздың тәсілмен, қалғанын йемендік әдіспен егіңдер. Жақсы құрма берген әдісті тұрақты қолданатын боламыз!»

Тынымсыз іздену, ілім-ғылымға үздіксіз ұмтылу, тәжірибе үйрену, жаңалыққа жарғаққұлақ болу – адамзатты өркениетке жетелейді. Жаңа серпін, тың жаңалық, таңсық жоба, сергек бастаманың қай-қайсысы да адамдардың жүректерін жылытып, жандарына шаттық-нұрын құяды, үміті мол ертеңге жетелейді…

…Атыраулықтарды еңсені басқан ескі үйлерден, көк мұзды кесіп өтетін көпірсіз өзеннің қаупінен, аяқ алып жүргісіз мибатпақтан құтқарған Иманғалидың Алматыдағы «Тасмағамбетовтың көпірлері» – оңтүстік астана жұртшылығының кеудесін ашып, тыныс кеңейтті. Алматының көшелері мен ғимараттары ажарланды, аулалары тазарып, жолдары бүтінделді. Табанында кептелген ғасырлық қоқыстарынан тазарып, жағалаулары жаңарған Алматының ерке өзендері ерекше құлпырды. Бау-бақшалардың әдемі де әсем орындықтары демалушылардың көз-қуаныштарына айналды…

…Түрса – күлкісін, жатса – ұйқысын ұмытып, толассыз ізденіп, жан-тәнін сарқа еңбектенген Тасмағамбетовтей білікті басшы бүгінде ілеуде біреу ғана… Өнерге шын ғашық, ғылымға шынайы құштар Иманғали тәуелсіздіктің жиырма жылының ішінде жанына жақын әлеуметтік саланың өкілдерін ынтық құшағына қысып, ыстық ықыласына бөлеуде алдына қара түсірген жоқ…

ҮШІНШІ ТҮЙІН

…Астана қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетовтың қабылдау бөлмесіне еліміздің кезкелген түкпірінен телефон шалады. Әділдік іздеген адам шыр-пыр болып, міндетті түрде Иманғали Тасмағамбетовпен жолығуы керектігін айтады. Бұл мәселенің Астана қаласы әкімінің құзырына мүлдем жатпайтындығы көбіне ойларына кіріп-шықпайды…

…Иә, қай заманда да қараша халық қара қылды қақ жарған жауқұрек перзенттерінен ғана әділдік іздеп, араша сұраған. Таңдаулы тарландарының жоғары лауазымын емес, биік беделін қымбат көрген.

Расында, еліміздің өңірлеріндегі күрмеуі қиын санқатпарлы мәселелер – Астана әкімінің билігінде емес. Бірақ, қабырғалы қазақтың: «Құлыным, Иманғали!» – деген сеніммен соққан ғазиз жүрегінің дүрсілінен артық қандай қымбат құдірет бар?!. Қазақта әкім аз емес, ал, Тасмағамбетов жалғыз ғой… Ай түнде керек екен, ақыл күнде керек екен!..

…Ғұн менен Түркі тұқымы,
Замана жалын жұлқыңдар!
Асыл текті ҰЛЫҢ мен,
Артық туған жұртың бар!

БІЛГЕ білген жол басын,
Аспан асты… ол да – сын!
Қадамың ТОНЫ бек қолдап,
КҮЛТЕГІН қаған қорғасын!

Ақ таңдар атып жылымшы,
Шуаққа, жұртым, жылыншы!
…Тоқсан ат таптап шапса да,
Тұлпарың келсін, БІРІНШІ!!!

…Сірә, ұлтқа, отанға деген сүйіспеншілік – елдің Елордасынан басталады. Астана – еркін қазақ елінің жүрегі. Елордаға әкім болып тағайындалғанда: «Астана – Қазақстан сөзінің символы. Астана – Назарбаев есімінің символы. Астана – келешекке қол созған қала. Алдында орасан міндеттер тұрған қала. Бұл қаланың

әкімі болу – шексіз жауапкершілік» – деп тебіреніп еді, Иманғали Нұрғалиұлы.

Астана – әрбір қазақтың жүрегінің лүпілі. Қазақтың жүрегінің дүрсілі – қазақ тілі, деп соғады. «Ауылына қарап, азаматын танимыз», қазір Астананы қазақы әкімнің басқаратыны – әуежайынан бастап, тұла бойында айқын байқалады.

Имекеңнің қазақи қасиеті мен ұлтшылдық ұстанымы да ұзақ жылдардың тезінде қалыптасты. Кешегі кеңестің тұсында қызыл бесжұлдызды қалқан етіп, орыстың басқа ұлттармен қабат қазақты да «Балғасымен жаншып, орағымен орып тастап» (Мұстафа Шоқай), аяусыз жаншығаны жасырын емес. «Шегірткеден қорыққан – бидай екпес» демекші, жастайынан бойындағы ұлттық намысы айрықша атойлаған Иманғали қай жерде де қазақтың мүддесін қолдан бермеді.

Тіпті, Имекеңнің жастық шағындағы бір уақиғаны былайша қызбаланып әңгімелені бар: «Студенттік өмірім Орал қаласында өтті. Ол кезде бодан елміз, орыс ағайындардың «ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс» болып тұрған шағы. Әлі балаң көңілміз, күнұзақ Жайықтан балық аулап келе жатып, шөлдегесін бір орыс әжейден ауыз су сұрадық. Бірақ, бізге су берген орыстың кемпірі біз су ішкен ыдысты жалма-жан алысқа лақтырып жіберді. Қазақтың суы мен наны қайдағы бір кірмелерге адал да, ауызы арам болғаны ма, сонда?!. Осы көрініс менің жүрегімде мәңгілік сақталып қалды...». Бәлки, Имаш ағаны бүгінгі қазақтың өнері мен мәдениетіне қамқоршы етіп, ұлтының мүддесін қорғауына тәрбиелеп-тәлімдеген – балаң жүрегінде шеменделген осындай оспадарсыз отаршыл жағдайлар ма екен?!.



...2008 жылдың жылымық сәуірінде қазақтың: «Жақыныңды жаттай көр, жат жанынан түңілсін!» – деген өсиетімен өскен Елбасымыз ылғи дауылы соғып, құйыны бораған ең қиын-қияпат істі Тасмағамбетовке тапсыратын дағдысымен, Алматыдағы жылы орнынан жұлып алып, Иманғалиды Арқаның арқар ауып кететін Аңырақайына апарып салып жіберді...

Еңсесі биік, еңбегі ерен Елбасымыздың ілкімді іс-әрекеті құстың патшасы, қанаттының сұлтаны – қайсар қыранның қылығына ұқсайды. Қырандар кісінің көз жанары жетпейтін көгілдір аспанмен таласқан өте зәулім биіктерге шарықтап көтеріліп, балапанын төмендегі жартастарға тастап жібереді екен. Балапан байғұстың жан-иманы қалмай, шықылықтап-шыңғырып: «Өлдім-ау!» дегенде, әлгі қыран көз ілеспес жылдамдықпен атқан оқтай зулап, төменге қарай ағызып келіп, жартасқа соғылуға жарты елі қалған қас-қағым сәтте балапанын асқан ептілікпен іліп алып, қайтадан жоғары қарай көтеріліп, самғап кететін көрінеді. Сөйтіп, балапанын ержүректілікке, ептілікке, қайсарлыққа тәрбиелейтінге ұқсайды...

Елбасының қатаң да болса – әділ, ауыр да болса – кәміл тәлім-тәрбиесінің арқасында Иманғали құрыштай шыныққты, темірдей тартылды, қорғасындай қатайды. Министр кезінде де, Атырауда да, Үкімет басында да, Мемлекеттік хатшы болғанда да, Алматыда да уақытпен санаспай, салмағы зор, жауабы мол міндеттерін мүлтіксіз атқарды.

Қалт айтпайтын халық: «Әкім Тасмағамбетов түн ұйқысын төрт бөліп, түннің жарымында қаланың маңызды құрылыстары мен құрылымдарын өзінің жеке көлігімен жиі аралап, жұмыстардың барысын өз көзімен көріп, пысықтап-бақылайды екен. Өзі де ұйықтамайды, жұртқа да тыным жоқ...» – дегенді жиі қайталайды. Құсұйқылы сергек әкім, Елорданың жұмысшылары мен құрылысшыларының түн ұйқысын төрт бұзып, Астананың іші мен айналасын қисапсыз күл-қоқыстан тазартып, көгалдандыруды жедел қолға алды да, құрылыс қарқынына дем берді.

Адуынды Арқаның тапырақ табиғатына төтеп беріп, Астананың жаңа инфрақұрылымдарын қалыптастыруға шұғыл кіріскен Тасмағамбетов күллі әлемге әйдіктеп көрсететін Астананың 10 жылдық мерейтойын небәрі он екі жетінің ішінде әзір етуге тиіс болды.

Дүниежүзі елдерінің басшылары күтілген мерекелік шаралар халықаралық деңгейде өткізілуге тиіс. Осындай орасан шараларды он екі жұмада атқаруға бола ма? Ең арғысы, Астанада такси тасымалының өзі жолға қойылмаған екен, көлік тапшы.

Күтпейтін кезекті мәселе: кер маралдай керілген Есіл суының артықшылығын пайдаланып, өзен көлігі шаруашылығын ұқыпты ұйымдастыру болатын. Ерке өзенде мамыражай серуен құрып, саяхат жасайтын арнайы катерлер мен су үстінде жүзетін жылжымалы мейрамханалар салуды іске асыру қажет.

Бәрінен маңыздысы: Астананың 10 жылдық мерейтойының қонақтары Қазақ елінің жаңа Елордасының әсемдігі мен әдемілігіне сүйсініп қана қоймай, Еуразия кіндігінің ең тарпаң да танымал жұртының аса ірі ғасырлық жобаларды атқара алатын асау-артықшылығына, сайын даланың сардар-елінің

сарқылмас күш-қуатына таңдай қағып, шынайы көзі жетуге тиіс.

Міндет – мүмкін еместей ауыр, шаруа – шаш жетпестей шаш-етек…

Күні кеше үкіметтің үкілі көшін сүйреген Иманғали Нұрғалиұлы өзін-өзі іштей қайрап, ауыр ойларды алысқа қуып, Елбасының сенімін селкеусіз ақтауға бел буды. «Қазақстанның жас астанасын салу – теңдесі жоқ, ең амбициялық жобалардың бірі. Бұл – Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының көрегендігі ғой!»



– деген Иманғали Тасмағамбетов келешекті болжаған көрегендік істің ілкімді ілгерілеуі үшін Елбасына өзіндей іскер іні – көргенді көмекшінің қажеттігін терең түсінді…

Ақылдың қазына-көмбесіндей қарияларымыз қадап кетіпті: «Ісіңді көпке бер, көпті құдайға бер!» – деп. Мерейтой мәресіне жетті. Көрген көзге – сену қиын болды, айтқан тілге – жеткізу ауырға түсті. Әлем патшаларына тәбәрік қылып-көрсеткен текті де тәкәппар сұлудай жасанған, тізгінін Тасмағамбетов ұстаған айбынды Астана – адамзаттың жержүзіндегі кезкелген астанасымен терезесі тең дәрежеде дүркіреп, жұлдыздай жарқырады…

Талас жоқ, елімізді ертеңге жетелейтін де, Елбасының еңсесін еселейтін де, қазақтың – тұлпардай текті, сұңқардай епті, жебедей ұшқыр, қанжардай өткір – иманды Иманғалилары ғой! Көңіл ток, тұжырым осы болды…

ТӨРТІНШІ ТҮЙІН

Зейнолла Қабдолов! Гибратты ғалым. Ұлттың ұстазы…

…Ағам жоқ, қазір арамызда. Жүрегіміз жоқтайды, жанымыз сыздайды, сөзін сағынамыз, дауысын аңсаймыз. Зейнолла ағамның әулетінде әлгі: «Бай еді, батыр еді!» – деп, көпіртіп, бос күбі пісіп жататындай ешкім болмапты. Бірақ, ертеде өз ауылының сыйлы, ауыл арасындағы анау-мынау дау-дамайды шешетін арғы атасы – Көпжан деген кісі болған екен. Көпжан атамыз бай болмапты, батыр болмапты, дегенмен, тілге шешендігімен шен-шекпенге жетіпті. «Ақылы алғыр, сөзін өткізетін адам» болған деседі.

Зейнолла ағамның сөзге үйірлігін, ойының ұтқырлығын, қаламының жүйріктігін, тіл уытының қанықтығын: «Сол үлкен атасынан жұққан-ау?!.» – деп топшалайды, Зекемнің бәйбішесі Сәуле апам…

…«Тілдің уыты» демекші, бірде «Алматы» демалыс үйінде бір ірі шығарманың «шылбырынан ұстап, жалына жабысып» жатқан Зейнолла ағам маған: «Қатпары көп құпиямды айтсам, қырық рулы елге жете ме деп қауіптеніп отырғаным…» – деді…

Ә дегенде, ағамның сөз ауанын аңдай алмадым. Өзім Ғылым академиясының Экономика институтында ғылыми жұмыспен айналысып жүргенмін. Зейнолла ағама: «Менің ғылыми жетекшім Кенжеғали Сағадиевпен бір ауыз сөйлессеңіз!» – деген бұйымтаймен келгенмін, ойымның бәрі экономикада, ғылымның күйбеңтірлігінде…

Ал, Зейнолла аға кенет қанаттанып кеткендей: «Сен есепке жақын адамсың ғой, айтшы, мысалы, Имаш жайлы қанша том кітап жазуға болады?» – деп, сұрады. Мен қайдан білейін: аттың басын тартсам – азырқануы мүмкін, көпіртіп жіберсем – көңіліне келіп қалуы кәдік?!. Үндемедім…

Сосын, ағамның жүзі жарқырап, жас баладай қутыңдап, асығыс-үсігіс: «Жарайды, жұмысыңды қорғауыңа барамын, сол «ғылым кандидаты» болған күні әлгі сұрағымның жауабын айтасың. Уақытың мол: ойлан, есепте, санаға сал, жүрекке «тыңдат»! Имаш ағаңдай адам – мың жылда…» – деп барып, сөзінің артын шолақ қайырды…

…Зейнолла ағам дүниенің есігін Атырау алқабының ең қиянындағы Қызылқоға ауданына қарасты Жалғызағаш дейтін жерде ашыпты. Жастайынан өлеңге құштар болыпты. Сегізінші класта ғой деймін, ағам «Түнгі найзағай» деген тырнақалды өлеңін жазыпты. Сол өлеңі Сәуле апамда әлі күнге дейін сақтаулы…

Сұрапыл соғыс кезінде айтысқа да белсене қатысыпты. «Өзімді әлдеқандай ақын сезініп едім, балалық-шалалық екен» – дейтін, ағам. Көп ұзамай, өзінің ұлықтаған ұстазы, қазақтың ақиық ақыны Хамит Ерғалиев дереу прозаға ауысуына кеңес берген көрінеді. Қазір үлкен ақынның адаспағанына да, шалқар шәкірттің шатаспағанына да қанық көзіміз жетті…

Иә, Зейнолла ағам аса сырбаз кісі еді. «Ойлы адам орнықты келеді, Озбыр адам зорлықты келеді» демей ме, табиғаты өте сабырлы болатын. Күллі ғұмырын қазақтың тілі мен әдебиетіне құрбан қылды. Қазақтың жолында, халқы үшін, ұлтының өнері үшін

жанын қиған асылдарды да қатты қадір тұтатын.

«Ахмет Байтұрсыновтың тіліне таң-тамаша қалып: «Ойпырмай, бұл не қылған сұңғыла адам, бір сөзді он мәрте құбылтады да, жазды да. Қазақтың тілін одан артық білетін пенде жоқ шығар..» – деп отыратын, дегенді айтты Сауле апам…

Зейнолла аға қазағын өлердей жақсы көрді. Бірде: «Қазақтың бірі – Имаш қой, ендеше, қазағымды қалай жақсы көрмеймін?!.» – деп, түпкі ойын дөп басып айтса, келесі бір әңгімесінде: «Қазақ – құдайдың кең жаратқан жұрты ғой, оның жаратылысында мін жоқ, бірақ, көпшілік болғасын, кем-кетік болмай тұрмайды» – деп, ұлтын ұсақтықтан арашалап алатын.

…Ағам «аттанғалы» бері, Сәуле апам жүдеу тартты. Шүкір, тамағы сау, ойы анық, сөзі қанық, сырқаудан аман. Бірақ, құр сүлдерін сүйретіп жүрген секілді көрінеді. Қайтсін, титтейінен тел қосылып, күллі тағдырын бірге өткізген өмірлік сыңарынан, ғұмырлық сырласынан ажырап қалу оңай ма?!.

Апам аңдап басып, бәсең сөйлейді. Барлық ой-жүйкесі, сана-сезімі тәулігіне жиырма төрт сағат бойы бір адамды жоқтап, бір адамды аңсап тұратын тәрізді. Тұрса – есінен, жатса – түсінен кетпейді…

«Қазір бір мидай шөл далада, құба құмның ортасында қаңбақпен бірге дала кезіп, ауызы кеберсіп, ерні кезеріп, әзер ілбіп келе жатқан жалғыз жолаушы сияқты сезінемін, өзімді… » – деп, апамның көңілі босайды. – Тұрмыс-тіршілігім де, сағаттарымның бәрі де, құдды, тоқтап қалған секілді, жан дүниеме бір нәрсе жетпейді де тұрады. Бір қарағанда, айналамда балаларым жүр, тамақ тоқ, киім көк – бәрі бар, бірақ, екінші жағынан, ештеңе де жоқ тәрізді, кең дүние тарылып, қаңырап қалғандай – бір жалғыздық кернейді де тұрады…

Түскі шәйда жас келінім сынық жүзіме қарап, елеңдей берген соң: «Бір нәрсе жетпей тұрады… » – десем, тамақ па, әлде, киім бе деп, түсініп қалды. Ал, маған Зәкеңнің дауысы жетпейді, Зәкеңнің: «Әй, Сәуле!» – деген, жалғыз ауыз сөзі жетпейді» …

…Зейнолла ағам өмірінің ақырғы кезеңінде инсульт алып, ауруханада ұзақ жатты. Тілден қалды. Ауруханаға да қайталап түсе берді. Сәуле апам айтады: «Бір күні Зәкем палатаның сыртқы есігіне ұзақ тесіліп қарап жатты. Бір нүктеге қадалды. Мен иығынан ұстап едім, зорға тілге келіп: «Шіркін, қазір ана есікті айқара ашып, осында Имашжан жарқырап кіріп келсе ғой!» – деп, біраз жымиып, көңілденіп жатты. Сірә, Иманғалимен бірге болған, сырласқан кездері есіне түсті-ау… ».

Шындығында, сөз зергері, қазақтың асыл жаратылған бір абзал ұлы, академик Зейнолла Қабдолов ағам Иманғали Тасмағамбетовты шексіз жақсы көрді: шаң жуытпай, шыбынын қағып; сөз жуытпай, уытын шағып отыратын еді.

Кім білсін, бәлкім, тілі сөйлеуге көнбей, ұзын айлар төсекке таңылып, үн-түнсіз тапжылмай жатқанда, ой-түйсігі ұзақты көріп, қиянды шарлайтын Зейнолла ағам Имашын уайымдап, оның қым-қиғаш қызметінің қауіп-қатеріне қайғырып, «шаршап-шалдығып, қиналып-қамығып» жүр-ау деп, іштей таусылып, бордай езіліп жатты ма екен?!.

Зейнолла ағам ауруханада жатқан ұзақ күндердің бірінде тілі сөйлеуге әзер көніп, өзінің өлең шығарғанын айтады. Сәуле апам ағаның талпынысына қуанып кетіп: «Кәне, Зекем, тыңдап көрейік!» – дейді.

Сонда бір ауыз сөз айту үшін судай аққан борша-борша қара терге малшынған, қазақтың қара сөзінің падишахы, менің асыл текті, адал жүректі Зейнолла ағатайым жансыз тілін орасан зорлықпен әзер «тірілтіп»:

«Имашым, менің, Имашым!

Жалғанда жалғыз қимасым!» – деп, жүрегін жарып жіберердей әрең босаған көзінің кермек жастарын төгіп-төгіп жіберіпті…

…Адамға деген неткен зор махаббат, десеңші!..

БЕСІНШІ ТҮЙІН

Ел басқарған азаматтың азабы бар…

Тасмағамбетовтей турашыл да, тарпаң тұлғалардың азабы бес батпан. Батпан азапты апай төс, аяққап кеудемен көтеру – әркімнің пешенесіне жазылмайды. Иманғалиды бүгінгі биігіне бастаған соқпақтар тақтайдай тегіс, оқтаудай түзу болған жоқ. Тар жол, тайғақ кешудің сойқан сынақтарынан қамыстай майысқанымен, емендей сынбай өтті. Табаны Алматының топырағына тигелі «жаптым жала, жақтым күйе» дейтін дімкәс-күстаналаудың қисапсыз құқайларын көрді.

…Баяғыда Гурьевте қызметте жүргенінде қылшылдаған жап-жас Иманғали өз көзқарастарын қорғап, әлдебіреулерге жақпай қалатын. Бір күні бастығы шақырады. Барса, мұның атына біреу домалақ арыз түсіріпті. Ол кезде өрімдей, артық етсіз арық еді.



Арды аяққа таптағысы келген әлгі әңгүдік арызқой Иманғалиды: «Өкпе ауыруына шалдыққан сияқты» – деп бөсіпті.

Амал қанша, кейде дені-басы кіршіксіз сау адамның да қызба намысты ауыздықтай тұрып, өзінің саулығын дәлелдеуге тура келетін кездері де болады. Иманғали барлық медициналық тексерулерден өтіп, денсаулығының құлан-таза екенін дәлелдеп береді.

Бірақ, мұндай әділетсіздікке қатты қапаланады. Сол кезде бастығы: «Иманғали, сенің өмірің енді басталып келеді. Мұндай әділетсіз жазғырулар бүкіл ғұмырыңда қыр соңыңнан қалмайтын болады. Көпшіліктің алдында жүргесін, сенің түймедей мінің – түйедей болып көрініп тұрады. Осыған үлкен сабыр мен пайымды парасат керек» – деп еді. Тура сөздің тарланы Ақтамберді жыраудың:

Дұшпаннан көрген қорлығым,
Сары су болды жүрекке,
Он жетіде құрсанып,
Қылыш ілдім білекке,
Жауға қарай аттандым,
Жеткіз деп, құдай, тілекке! – дегені рас екен…

…Әбағамның, Әбіш Кекілбаевтың «Ханшадария хикаясында» Шыңғысханның ел-жұрттан безіп, тау мен тасты паналап жүргенде қасына еріп, қабағына қараған ең сенімді жолдасы Қасар мерген деген әккі аңшы бар. Бертін билігі аспандап, хан сайланған Шыңғыс досының шақыруымен салулы төсек, салқын үй, жанға жайлы, ұрты майлы хан сарайына келсе де, Қасар мерген: «Сый-сыяпатыңа Тәңірі разы болсын, тауыма қайтам!» – дей береді. Шыңғыс қаған тауына сұранған досына: «Тауында нең қалып еді?» – дегенде, Қасар мерген: «Жақпар тастың арасынан шалқи соққан желде құ тезектің түтінін иіскеп отырып терлеп-тепшіп ішетін арқардың күйік дәм сорпасын сағындым, жамбасымды қыз-қыз қайнатып, қыдықтап жататын аю терісі бөстегімді сағындым, екі аяқты отқа қалап емін-еркін қақырынып-түкірініп отыратын қара лашығымды сағындым…» – дейді…

«Жала» дейтін жабысқақ «жарқанат» Иманғали ашқан есіктің әрқайсысынан табылды. Ауылдағы ағайынның назын көтергенімен, көз көріп, құлақ естімегеннің «Біткен іске білте тағып», нақақ қаралағанына қаны қайнап, шыдамы түгесіліп-күйінген кездерінде: «Қалған көңіл – шыққан жан» деп, Қасар мергендей кіндік кескен кең мекеніне қайтып-ақ кеткісі келетін кездері болды…

Жан-жағынан жау қаумалап, қызғаныштың қынсылаған қызыл иті дұшпанының шынтақ айналмас тар ішін тырмалағанда, немесе, әңгүдік-әуейілер топырақ шашып, дәйексіз бәле жапқанда Иманғалидың да жүйкесі тозып, жүрегі сыздайтын сәттері, сірә, аз болмаған шығар…

Бірақ, жеме-жемге келгенде, әрбір пенде қамқорлыққа мұқтаж екен. Дүние жұртының тізесін дірілдеткен қаһарлы Шыңғыс қағанның өзі өзін-өзі қорғауға да, басқалардың мұны қорғауына да сүйенген. Шыбын жаны қымбат баһадұр былайша толғанады: «Атқосшыларын шақырып, төбенің басына ақ шаңқан киіз жайғызып, төсек салдырады, жел жағына өзінің ер-тұрманын қойғызады. Төсегін шыр айналдыра жылқының қылынан жаңа есілген қыл арқан тастайды. Жылқының тер иісі мен қылтанақ қылынан қашпайтын мақұлық жоқ көрінеді. Қараңғы түнде үрей тудыратын ібіліс-пәлекеттер де айғыр жылқының ащы тер иісіне жуый алмайды деседі.

Бұл осындай қара түнде қапысын тауып кете ме деп қауіптенетін оқыс пәлекеттерінен жылқының күлімсі иісімен қорғанады да, жұмыр бастылар тарапынан келетін қатерден шыр айнала қоршап алып, таң атқанша кірпіктерін бір ілмейтін қырық жасауылы қорғайды, ал, алда-жалда олардан келер пәле болса, оны әрі құралайды көзінен ататын мерген, әрі қараңғы түнде құмырсқаның жорғалағанына дейін сезе қоятын саққұлақ аңшы Қасар досы бір өзі көріп алады…»

Қазір заман бөлек болғанымен, адам баяғы. Алып та жығады, шалып та жығады. Ауыл қазағының тәрбиесін көріп, тәлімін емген Тасмағамбетовтің адамдық, азаматтық, кісілік, қайраткерлік келбеті – бас қағанның Қасар мергенінен қалыс қалмайды. Иманды ұяда үлкенге – құрмет, кішіге – қамқорлық жасап, ырыстың – ынтымаққа ғана апаратынын пайымдап өскен Иманғали: «Тұғырына саңғыған сұңқар оңбас, үйірінен қаңғыған тұлпар оңбас», – дейтін ата-бабаларымыздың ғұмырлық һәм ғасырлық ғибраттарын жүрегіне сіңіріп, болмысына бойлатқан сыралғы саңлақ…

Жиырма жыл бұрын әлімжеттік еткен әкірең елдің тілерсегі сынып, тізесі бүгілген соң, қазақ жұрты есін жиып, етегін жинады. Миллионға жақын қандастарымыз атажұртына тұяқ тіреді. Өзіміздің де өрісіміз кеңейіп, өсіп-өндік.

«Мылтықтың түзуі – мергенінен, мергеннің түзуі – көргенінен» дегендей, қылшылдаған шағынан қамқорлығына алып, бауырына тартып, «қанаттыға – қақтырмай, тұмсықтыға – шоқыттырмай» қолтығынан демеп, тәлім-тәрбиесін талмай үйреткен ұлағатты ұстазы, қамқоршы-сүйеніші Елбасының жаңа еркіндік алып, жас баладай жәутеңдеген жұрты үшін етігімен су кешкен хал-қауқарын көріп, Елбасын қорғауға һәм қолдауға міндетті екендігін түйсінді…

Менің аңыраған ашаршылықтан әупірімдеп аман қалған Жаманқұл атам: «Жұтаған ауылдан алдымен ит кетеді екен...» – дегенді жиі қайталайтын. Қазіргі Қазақстан – кететін ел емес, жететін елге айналды. Лайым, қазақтың дәулеті шайқалмасын! Елдің дағуатыныштығы бұзылмасын!..

«Қаршыға екі ілмейді, хан екі айтпайды!». Елдің бірлігі мен Елбасының ірілігін бек бағалаған Елорданың әкімі Иманғали Тасмағамбетовтың берік ұстанған тұғырнамасы осы!

АЛТЫНШЫ ТҮЙІН

…Шырт ұйқымнан оянғандай болдым…

Адамзаттың асылы Мұхаммед Пайғамбарымыз (с.ә.с.) : «Өтіріктің ең сұрқиясы – түсінде өзі көрмегенді «көрдім» деп айтқан» – депті. Түсім бе, өңім бе – анығы белгісіз, ғажайып бір уақиғаны басымнан кештім. Бұл – есті елестің көлеңкесі ме, әлде, қалың қиялдың жарқылы ма, кім білсін, түсініксіз бір тылсым… Ғұмырымда ұшыраспаған бір ақсақал көкшалғын таудың етегінде маған әңгіме айтып отыр. Көкем де емес, нағашым да емес, ұстазыма да ұқсамайды, ауылымда да мұндай кісіні кездестірмегем…

Кенет, дөң үстіне ақбоз ат мініп, тағы бір ақбозын жетегіне алған, Абылайханның айбатты айыр қалпағын киген қария шыға келіп, біздің бағытқа қарай жорғалатып, атын тепсініп келе жатты…

Тағы бір сәт мен әлгі жетектегі ақбоз атқа жеке отырып, айыр қалпақ қариямен селбесіп, кері қайтқалы жатыр екенмін деймін. Әңгімешіл ақсақалмен қайыр-қош айтысып, тұлпарымды тебіне бергенде:

«Қарағым, құдай үшін істер ісіңді ұмытпағайсың!» – деп қалды…

Түкке түсіне алмадым: «Әлгі ақсақал кім? Бұл ненің белгісі?..»

…Арада алты айдай уақыт өтті. Жолым түсіп, топырағын баспаған Атырауға баратын болдым. Таяуда ғана менің курстас досым, әнші-сазгер Табылды Досымов кенет дүниеден өткен еді. Кім білсін, пейілі теңіздей, пайымы мұхиттай марқұм Табылды досымның рухы шақырды ма, әлде, қарашаңырағына арнайы түсіп, құран бағыштағым келген ниетімнің түзулігі ме, әйтеуір, Атырауға ықыласым ауып, жолым ашылды.



Табылдымен бес жыл бойы құлын тайдай тебісіп, бірге оқыдық. Шәй дескеміз жоқ. Неге екенін білмеймін, маған ылғи да: «Алтын құрдас!» – деп, кең құшағын ала жүгіретін. Денесі де, ниеті де, істері де кең, әрі ірі жігіт еді. «Табылды мен ұсақтық» дейтін ұғымдар – бірін-бірі тебетін аттас зарядтардай, кереғар түсініктер болатын.

Құдайдың құдіреті, осындай шалқар денеден – соншама нәзік те сұлу саздар шығады деп кім ойлаған? Тәкежанның дауысы ерекше еді. Өзі болар-болмас ауытқып, тілін тістегендей етіп шырқайтын әнді. Мұның өзі үлбіреген ғажайып үйлесім табатын. Студенттік серілік кезеңде Табыл әндерін маған да, досымыз Серік Жанболатовқа да қайта-қайта айтқызғанды ұнататын.

Тәкеңнің бауырмалдығы мен кішіпейілділігі қандай еді! Менімен жасы қатар болса да, қалт еткен оңашада қамқоршы ағамдай: «Ей, он екінің оғланы, қарның ашып жүрген жоқ па? Тиының бар ма?» – деп, сұрайтын…

Иә, дүниенің жалғандығы рас қой, әйтпесе, осындай ғазиз жанды қалайша қиып жібереді?.. «Арғымақтың құйрығы әрі жібек, әрі қыл. Ер жігіттің белгісі әрі мырза, әрі құл» – деген тұжырым менің Тәкежаным туралы айтылған, әсте?!.

Жүрегі таза, жаны жайсаң, жақсы жандарды үш нәрсеге ұқсатып теңеуге болады екен. Алдымен, жақсы адам – шамға ұқсайтын көрінеді. Өйткені, шамның жарығы айналасындағыларға тегіс шашылады. Сосын, инеге теңейді. Ине – киімнің бәрін жамап-жасқап, тігіп-бүтіндейді. Ақырында, жақсы адамдар – жеміс ағашы сияқты. Жемісі мол ағаш басын жоғары ұстамайды, ибалы келіндей иіліп тұрады. Басқалар оның тәтті жемісін таласып жеп, ырзығын пайдаланады…

Табылды дәп осындай айналасын жан шуағымен жылытқан азамат еді. Оның ауызынан: «Жоқ!» немесе «Болмайды!» деген сөздер шықпайтын. Шын мәнісінде, қол ұшын бере алмай, қиналып-қысылса: «Сен сәл сабыр қылшы, шешілмейтін мәселе болмайды ғой?!.» – дейтін…

Бірде Алматыға келгенде, Тәкең достарымызға аудан орталығынан екі қабатты «қатқан» үй салғанын айтты. Бәріміз қуанып, құттықтадық. Көп ұзамай, түннің жарымында Атыраудан маған телефон соғып: «Ей, алтын құрдас, қазір менің кімнің үйінде әкемнің төріндей шалжиып жатқанымды білесің бе?» – дейді. Мен: «Екі қабатты қатқан үйіңде шығар?» – дедім. Ол: «Жоқ, таба алмадың. Айтсам – сенбейсің…» – деп, қуақыланды да, дауысын бәсеңдетіп: «Иманғалидың үйінде…» – деді.

Имаш аға Тасмағамбетов Атыраудағы әкім кезінде Табылдыны арнайы шақырып алып, лайықты қызмет беріп, әлгі екі қабатты қатқан үйді тұрғызуына да тікелей ықпал етіпті. Күздің ызғарлы бір түнінде қолынан гитарасы түспейтін менің сол ақжарқын, алып досым ешкімге ескертпей, ескегін алып, Жайыққа түсіп кетіпті…

Атыраудың аспанын алғаш көргенімде, есіме әдебиет алыбы Мұхтар Әуезовтың өзі: «Ғазиз көретін, сұлу мінез, сұлу білім, өнер иесі досым, інім Зейнолла! Дос, аға көңілден тілейтінім – сенімен бірге жүру, өзара бірге еңбектену...» – деп, арнайы естелік-тілек жазған менің ұстазым, академик Зейнолла Қабдолов түсті. Атырау университетіне Халел Досмұқамедовтың атын әперген Зейнолла ағамның балаша қуанып: «Атырауға келіп көр, бұл университеттің ғимараттарының әдемілігіне көзің тоймайды!» – дегені санамда қалып қойыпты.

Кәсібім мен нәсібім басқа болса да, Зейнолла ағамның «әдемілерін» әдейі барып, тамашаладым. Облыс әкімшілігінің алдындағы Иманғали Тасмағамбетов тұғырына қондырған Бейбарыс Сұлтанның ескерткіші ерекше сезімге бөледі…

…Кешкісін үлкен кісіге сәлем беруге бардық. Дидары жарқын Ділдә апам күлімдеп қарсы алды. Жұпар аңқыған шұбат алдырды. Апам ақылға ағып тұр: ойы орамды, сөзі жайлы. Бос сөз, арзан тіркес жоқ.

«Қарағым, елдің амандығынан артық қазына болмайды. «Үріккен ел қоныс таңдамайды, үріккен мал өріс таңдамайды» – деген, елдің іргесі тыныш болсын! Біз көрген бейнетті енді ешкімге көрсетпесін!» – деген аналық ақпейіл жүректен жарып шыққан мағынасы

терең, маржан сөздерін есітіп-елітіп, ел жатқанша отырдық. Иә, көкірегі көмбе, ақылы дария қариялары бар қазақ халқы, шын мәнісінде, бақытты ғой. Ділдә апамның кейбір нақыл сөздерін ешбір энциклопедиядан шам ұстап іздесең де таба алмайсың. Аман болшы, асыл ана, аяулы апатайым!..

…Сөзі гауһар, жыры жауһар атышулы Жиембет жыраудың табанына тірек, тіліне тиек болған Индерде марқұм досым Табылдының артында қалған жұбайы мен балаларына көңіл айтып, Тәкежанды еске алып, қайтадан Атырау қаласына бет түзедік. Көңілім әлем-жәлем құлазып, құмдарға қарай қаша берді. Табылдының бейнетаспасын көріп, ән шырқаған дауысын есітіп, сағыныштан тамағыма өксік тығылды. Көңілім алай-дүлей, өрекпіген жүрегім атша тулады…

Жайықтың екі жағы құт қонысымыз: қырық мың қылыш қидаласқан қырғындардан аман шығып; тура келген тоқтаусыз оқты Тәңірі қағып, тірі қалған; қайраусыз қара семсердей делі – қайтпас, белі – қайыспас ер атанған; елі – ер болған, жері – кең болған; басы – бұғаусыз, аяғы – тұсаусыз; берекесі – мол, бірлігі – зор сайыпқыран аталарымыздың – тұқымы текті Қасымхан бастаған қазақтың қабырғалы жеті ханының – қабырлары жатыр, Сарайшықта…

Туған топырағын қорғап, ғазиз бастарын ажалға тіккен бабаларымның тайқы тағдыры жаныма аяздай батып, жүрегіме шаншудай қадалды. Жаужүрек Махамбет:

«Ат жігіттің – майданы,
Қылыш – жанның дәрмені,
Өлім – Хақтың пәрмені!» – дегенді қалай дөп айтқан?!.

Сапарлас досым Аспандияр Бақсықұлы: «Имаш ағаның Сарайшығына сәлем берейік!» – деді. Рас, бұл – перзенттік парызымыз.

Айбыны асқақ Абылайхан: «Шешеннің сөзі өлмейді, тектілердің ісі, ізі өшпейді! Бұтаққа су, ұрпаққа Рух бермесең – көгермейді!» дегенде, арғы алапат бабасы Күлтегіннің киелі рухынан қуат алған шығар-ау…

Көшпендінің қасиетін танып, алаштың айбарын қалқан қылған Нұрғалидың намысты ұлы – Иманғали да кешегі «Ұлтшылдық – ұлтты тәуелділіктен, кіріптарлықтан азат етудің жалғыз жолы» – деген Шоқайдың Мұстафасынан мәмілеге машықтанып, күнделікті күйбеңнен биік, ұлтының ұлы мақсаттарына ұмтылуды мұрат тұтыпты. Имекеңнің парасат-пайымы – қызметке кесірін тигізбей, мансаптың меңмендігін білгізбей, пәнидің бәтуасыздығын парықтауға жетіп, хандардың қасиетті көзіндей Сарайшық дүниеге келді. «Өлі разы болмай, тірі байымайды», тарихтың тарлан тұлғаларына бағыштап, құран түсірдік…

…Кенет, көлігіміз кілт кідіріп, оңға бұрылды. Қалың ойға көміліп отырып, басымды әйнекке соғып алдым. Ә дегенше, нән қорымның қақпасына тоқтадық. Сасқалақтаған жүргізуші жігіт: «Өзім де түсінбей қалдым, тежеуішті баспасам да, мәшинем кілт тоқтады?!.» – деп, абдырап, ақталып жатты…

Аспандияр бірден: «Мұнда Нұрғали ата жатыр ғой, Иманғали ағаның әкесі!» – деді. Нұрғали атаның бейітін көргенде, көз алдыма не түсім, не өңім екендігі белгісіз, басымнан кешкен ғажайып уақиғадағы: «Қарағым, құдай үшін істер ісіңді ұмытпағайсың! – деген қария келді. Дәп сол ақсақал…

…Аллаһ тағала бір күні Мұса пайғамбардан: «Әй, Мұса! Мен үшін жасаған амалың бар ма?» – деп сұрайды. Сонда Мұса (а.с.): «Уа, Раббым! Сен үшін намаз оқыдым, ораза ұстадым, садақа бердім, сәжде жасадым. Саған мақтау айттым, кітабыңды оқыдым, сені еске алдым», – деп жауап береді. Мұны естігенде, Аллаһ тағала: «Әй, Мұса! Бұның бәрі өзің үшін: намаз – сенің жолкөрсетушің, ораза – қалқаның, садақа – өзіңе көлеңке, сәждедегі айтқан тасбихтарың – жұмақта өзіңе саялы ағаш болады. Кітабымды оқуың – сәнді сарай мен хор қызына қолыңды жеткізеді. Мені еске алуың – өзіңе сәуле болып жарығын төгеді. Ал, сонда таза Мен үшін не істедің?..» – дейді. Мұса пайғамбар сасқалақтап: «Уа, Аллаһ тағалам! Сен үшін жасалатын амал болса, білдірші, мен соны жасайын?!.» – деп сұрайды. Сол кезде Ұлы Жаратушымыз: « Әй, Мұса! Мен үшін біреуді өзіңе дос тұта білдің бе?!.» – дейді. Сонда барып, Мұса пайғамбар (а.с.) Аллаһ тағаланың жақсы көрген пендесін – жақсы көрудің қаншалықты маңызды екендігін түсінеді…



Түс-тылсымның тереңі, бәлкім, Имекеңнің халықтың зор құрметі мен асқақ абыройына бөленуінің құпиясы – қай жұмысты да жұлқына көтеріп, жұмыла атқаруында екендігіне меңзеді ме екен?!. «Хақ сүйгенді, халқы сүйер» деген бұрынғылар, Тасмағамбетовтың темірдей тәртібі мен кәсіби іскерлігіне көзі жетіп, көңілі сенген жұрты ыстық ықыласын аяған емес. Мұса пайғамбар (а.с.) жайындағы уағыз-әңгіме – біздің осы білік-болжамымыздың шындықтан шетін кетпегендігін

айқындайтындай.

... Жоғарыдан Көк аспан құламаса,
Өршіл рухың – Ақ тұлпар сұламаса,
Төмендегі Қара жер айырылмаса,
Бойда қуат-қанатың қайырылмаса...
Сен – тұяғы Тәңіршіл Көк түріктің,
Жасымағын! –
Өзісің тектіліктің!

Жаралғансың шыққан Күн шапағынан,
Бұлттар үркіп, жасампаз атағыңнан!
Мақтауыңа жетпеспін жырлап қанша,
Жайсаң ғұмыр кешесің Күн батқанша!!!

...Нұрғали атамыздың бейітінің басында ұзақ отырып, Құран оқыдым.

Атырау қаласына тұяқ іліндіріп, Ділдә апама хабарластым. «Апа, Нұрғали атаның басына барып, құран оқып қайттым» – дедім. «Қабыл етсін! Қара шалым бір аунап түскен екен! Алла разы болсын!» – деген Ділдә апамның дауысы тарғылданып кетті...

...Баянсыз бір дүние...

ЖЕТІНШІ ТҮЙІН

...Мен әке-шешемнің еншілес баласымын. Аяулы анашымннан ертерек айрылдым. «Жалғыздық – Құдайға жарасқан!» деп, шариғаттың жолымен әкеме серік таптық. Қаланың тар пәтер, тағылау болмысын жатырқаған әкем: «Әзірет Сұлтан бабамның қасиетті топырағы ғой» – деп, кемпірін ертіп, қазақтың қайым хандарының пырағы байыз тапқан киелі Түркістанға тұруға ниет қылды...

...Сексен жастың сеңгіріне жеткен әкем қақаған қыстың жарық түсе қоймаған, алакеуім, қараңғы бір қасат таңында Түркістаннан Алматыға телефон соқты. Ақсақалы бар үйдің беймаза уақыттағы тықырға секемденіп отыратын әдеті. Кәлиманы қайталап, тұтқаны тыңдадым. Сөйтсем, өзімнің көкем: «Балам, мен Нұрсұлтанның дәу көк байрағын көрдім!» – деп, мәз-мейрам. Қазақ: «Күлсең – кәріге күл» – демей ме, жасы келген адам болғасын мен де: «Құтты болсын, көке! Көрімдігіңіз дайын!» – деп, жатырмын.

Ал, әкем ақылы толысып, парасаты тазарған ақсақалдың әңгімесін жалғастыра берді: «Кеше көк жәшіктен Нұрсұлтанның келбетін анық көрдім. Білуімше, Нұрсұлтан шаршаңқырап, жалғызсыраңқырап жүрген сияқты! Ел басқару, жұрттың бәрінің көңілінен шығу, ғасырлар бодауында жүні жығылып, жүрегі шайлыққан қазақты сілкіntіп-оятып, ел қатарына қосу – Нұсұлтандай сайыпқыран ғана көтере алатын алмас семсер. Бұл семсердің салмағын игеріп, жүзіне сақ болмаса, қиып түсуі де лезде. «Патшаға тіл тигізу – күнә», дейді шариғат. Патша – миллиондардың арасынан таңдаған Хақтың сүйген құлы ғой... »

Мінеки, менің сексеннен асқан әкемнің әуезді әңгімесі осындай. Сөйтсем, көкемнің көзі Астанадағы ең үлкен ел байрағын теледидардан шалып қалыпты. Егде кісі соған қатты тебіреніп, түнімен кемпіріне қайталап айтып, таңсәрісінде шыдамай, телефон шалған екен. Талас жоқ, Астана төріндегі зәулім көк байрақ – ұлтты жақсы көрудің, ұлты үшін масаттанудың, ұлттың рухын асқақтатудың жарқын көрінісі.

Ақорданың әкімі Иманғали менің әкеме туралығымен, шыншылдығымен ұнайтын. Турасын айтқанның – туғанына жақпайтыны белгілі. Әкем кейде: «Шындық ұстарадан да өткір: не қолыңды кеседі, не жолыңды кеседі. Имашжан, арандап қалмаса болар еді!» – деп, мазасызданып қалса, келесі бір күні болашағынын зор үміт күткен Имекең туралы айрықша шабытпен: «Түйеге мінген – құдайға жақын!» – деп, қутыңдап қалатын. Мұндай сәттерде жаз күніндей жадырап, домбыраны сұратып алып, жанға жұмсақ бір әуендерді шертіп жататын.

«Тоқсанға жасқа жеткенімде, мен Нұрсұлтанның Астанасына барып, асқақ Арқаның салқар самалын жұтамын, ерке Есілдің суына шомыламын, айбатты Ақорданы көремін, қазақтың Көк байрағын сүйемін!» – деп жүргенде, тоқсан жасқа тоғыз ай жете алмаған менің ардақты әкем Әнуарбек, шындығында, көзі ашық, көкірегі ояу, нағыз «ақылды қария – ағып жатқан дария» еді...

Ұлы отан соғысында тізеліктен қан кешіп, ет бауыр жақынның да, қанды көбе жолдастың да қазасын көп көрген, тар заманның талай тауқыметтерін тартқан, аштық жанына тиіп, жалаңаштық жамбасына батқан аяулы әкетайым нанның қиқымын теріп жейтін; жәндікті жәбірлемейтін; кісіні күстәналамайтын; қара тиынды қанағат тұтатын; қазақтың кемшілігін көргісі келмейтін; ешкімді бөтенсіп, бөліп-жармайтын; Нұрсұлтан Әбішұлының аты шыққан жерде: «Билік айту оңай, біліп айту қиын» – деп, ерекше жақсы көріп, тебіреніп отыратын...

Отты көрген, көпті «терген» әкем Нұрсұлтан Әбішұлының, әсіресе, ардагерлерге көмегіне ризашылығын әр шәйдың үстінде қайталап: «Нұрсұлтан – тегін адам емес!» – деп, рухтанып отырушы еді...

Сенім – қымбат та қастерлі қасиет. Елінің сенімін ақтауы үшін Елбасы да – жақын серіктеріне сенім артады. Елбасының ел тізгінін ұстаған осынау жиырма жылында сеніміне секем түсірмей, сөзімен әрі ісімен толық ақтаған серіктерінің бірегейі – Иманғали Тасмағамбетов. Менің әкем: «Сардар құласа, сарбаз тозады» дегенді, Иманғалидан артық ешкім түсінбеді-ау!» – деп, жиі қапаланып отыратын. Әттең, сағатты сатып алғаныңмен, уақытты сатып ала алмайтын ащы ақиқаттың кермек дәмі у мен зәһәр татиды...

...Мен соңғы кезде әкемді көп ойлап, түсімде жиі көретін болдым. Мағынасы терең әңгімелері тымтым алыстан, белгісіз бір құпия әлемнен құлағыма еміс-еміс талып жеткендей болады. «Сұңқар ұшса –тұғыры қалады, шынар құласа – түбірі қалады» деген рас екен, таяу күндері әкемнің көзі тірісінде айтқан: «Ынтымағының ыдырап, ауызбірлігінің ада болғандығынан – мәжнүн қазағым үш ғасыр жатқа таланып, бөтенге кіріптар болды ғой...» – дегенін қасымда тұрғандай тұп-тұнық, ап-анық естідім... Ілешала аса қуатты, зор дауыс былай деді:

Бір биенің екі емшегі,
Бірі кетсе – сүті жоқ.
Бір түйенің екі өркеші,
Бірі кетсе – күші жоқ!!!

2013 жыл.

Мыңжан БАЙЖАНИН

ДЕГЕН ЕКЕН...

Әз Жәнібек бір күні Жиреншеден сұрапты:

— Шешен, қас жақсыдан жаман туа ма? – депті.

Шешен:

— Тумайды! – депті.

Сонда хан ойлапты: «Өзінің баласы жаманға қосылып кетеді, – деп, — соны қорғап отыр-ау!» – деп.

Мұнан кейін біраз жылдан соң Жиренше өліпті. Мұнан кейін біраз жыл өткен соң, басқа елді шауып келуге жорыққа шығыпты. Сонда Жиреншенің баласы шешесіне келіп:

— Осы жорыққа мен де барсам қайтеді? – деп сұрапты. Шешесі баласына:

— Әкеңнің айтып жүрген сөзінен ұққаның бар ма? – депті.

Сонда баласы айтыпты:

— «Жорыққа барсаң, аттың сырмінезін мін, сырмінезі жоқ болса, жасынан мін!» — деуші еді – депті.

Сырмінез аттың бәрін мініп қойған. Бір жас атты ұстап мініп, бұ да барыпты. Барған ел соғысып, ханның атына оқ тиіп, қолда қамауда қалуға қарағанда, басқа батырлардың бәрі қашып кетіп, Жиреншенің жаман баласы ханға келіп, атын беріп, өзі қолда қалыпты.

Сонда елге келгеннен соң батырларын жинап алып, Әз Жәнібек хан айтқан екен:

— Таудан аққан тас бұлақ
Құймай қоймас теңізге.
Жақсыдан жаман туғанмен,
Тартпай қоймас негізге! – депті.



Әз Жәнібек хан ноғайлы жұртымен бірге, қалмақ елін де қоса билеп тұрады. Ол ел тағдырын он екі бимен ақылдасып шешіп отырады екен. Бидің үлкені баяғы Жиренше.

Бұл ердің білгірлігін сынағыш хан бір күні:



- Әу, Жиренше! Адам қалай қадірлі болады? - дейді.

- Қадірлі болғысы келген адамға үш жолдас керек, - дейді Жиренше табан астында.

- Ие, қандай жолдас?

- Бақыт, дәулет, ырыс.

- Ал басқа пәле қайдан?

- Басқа пәле тілден.

- Кәріліктің белгісі не деп білесің? - дейді хан.

- Қаратауға қар жауар.

- Қарсы алдынан жел тұрар, - дейді Жиренше.

- Қыз алған қалай?

- Қыз: «өзің білесің» дер.

- Жеңге алған қалай?

- Жеңге: «өзім білем» дер.

- Жесір алған қалай?

- «Балам білер» дер.

Бас биінің білгірлігіне хан осылайша тәнті болады екен.

***

Жәнібек хан тағы бір әңгіме үстінде: - Бұл дүниеде кімнің төрт құбыласы тең болмақ? - деп сұрайды. Сонда Жиренше шешен:

- Бұл дүниеде жүйрік аты, қыран құсы бар, өзі сұлу, мінезді қатыны, бес атар мылтығы бар жігіттің төрт құбыласы тең болады, ханым, - депті.

«ДОСЫМНЫҢ КӨҢІЛІН ҚИМАЙ КОМПОЗИТОР БОЛЫП КЕТТІМ»

Қазір елдің бәрі айтып жүрген әдемі бір ән бар. Белгілі әнші Заттыбек Көпбосынұлы оны «көше әні» деп заулатады. Қайырмасы:

Асыл көгершін,
Ұшып келерсің.
Ғашықтығыма
Қашан сенерсің, -

деп келетін осынау ән жүрекке жылы, көңілге жақын. Кімнің әні екен деп қызығып жүретінмін. Жақында ойда-жоқта ән авторларымен кезігіп қалдым. Әнін жазған өзіміздің кентаулық, талай жыл темір жол саласында жұмыс істеген Ибрагим Жанысбаев бо-



лып шықты. Қазір Шорнақта тұрады. Түркістан темір жолы бойында станса жол бригадирі болып жұмыс істейді. Сөзін жазған ақын Әбдінәсір Әбдірайымов. Ол да Шорнақта тұрады. Мектепте пионер вожатый болып қызмет еткен, қазір жұмыссыз.

– Кентауда біраз жыл жұмыс істедім, кейін жұмыссыз екі-үш жыл қиналып қалдым. Сосын отбасыммен Шорнаққа көшуге тура келді. Темір жол саласына қайта кіріп, қазір жаман емеспін, жақында ғана «Қазақстан темір жолы ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Алғыс хатымен марапатталдым. Ақын екеуміз араласып тұрамыз. Бірлесіп 30-ға жуық ән жаздық. Көпшілігі танго, фокстрот жанрында. Өзім сырнай тартамын, әуелетіп ән салатыным бар. Әндерімнің ішінде елге танылып қалғаны осы «Асыл көгершін» мен «Билеңдер құрдастар» әні.

Сазгерден сөзін Әбдінәсір жазған «Билеңдер құрдастар» әнін айтып беруін өтіндік. Сырнайын қолына алғаны сол еді, жанында отырған жеңгеміз Тоқтасын әуелетіп ала жөнелді.

Билеңдер, билеңдер, құрдастар,
Бақытты, бақытты біз жастар.
Шаттанып бәріміз де,
Шалқысын әніміз де,
Достасып жүрейік, құрдастар!

Жеңгеміз керемет әнші болып шықты. Дауысы ашық, әуезді екен. Ақындық қабілетін де байқадық. Кезінде Кентауда жүріп бір бесік тойда Жеңіс Берікқара ағамызбен айтысып, жеңгені бар екен.

Сазгерден әрі қарай «Асыл көгершін» әнінің шығу тарихын сұрадық.

– Ән 1972 жылы 1 шілдеде шықты. Ол кезде әлі үйлене қоймағам. Бірақ ең алғашқы шыққан әнім бұл емес-тін. Алдымен «Ларо қыз» деген ән жаздым. Сөзін әлгі Әбдінәсірдікі. Өзі Клара деген бір қызға ғашық болып өлең жазып кепті. Сырнай тартқаным болмаса, бұрын-соңды ән шығарған адам емеспін, досымның көңілін қимай көп қиналдым. Бірақ ән лезде шықты. Бойымда бір қабілеттің барын сездім. Одан кейін екі-үш ән жазып тастадым. «Асыл көгершін» үшінші әнім. Әйтеуір менің де бір болашақ сүйген адамым кезігер, ол да маған көгершін боп ұшып келіп жар болар деген ниеттен туған ән. Әнімді бүкіл жастар гитарамен айтатын болды, осылай елге тарады. Негізінен әндерімді Әбдінәсірдің, Ұлықбек Есдәулеттің, Рахым Балабиевтің сөздеріне жаздым. Кейін Ташкентке оқуға кетіп, ән жазуым үзіліп қалды. 25 жыл ән шығармай кетіппін. Соңғы кездері ғана ептеп танго жазып жүрмін. Тыңдаушым аз, көбіне құдалық-тойларда ғана қолқалайды.

– Бұл әнді менікі деп иеленушілер де болды, - деп сөзге Әбдінәсір араласты. – Бір отырыста танымайтын біреу менің әнім еді деп осы әнді шырқай жөнелсін. Ибрагим екеуміз таңбыз. Өмірде ондай да болып тұрады. Байқап жүрмін, әннің сөзі бұрмаланып айтылып жүр. Дұрысы былай:

Өткір жанарың, кербез маралым,
Көзқарасыңнан лаззат алармын.

Асыл көгершін,
Ұшып келерсің.
Ғашықтығыма
Қашан сенерсің, -

Айдай толдың ба, ғашық болдың ба?
Бөгде бақшаға, әлде, қондың ба?

Айтылмайтын шумақтары мыналар:

Сендей бар ма жан, келші қалқажан,
Ұрлап ұйқымды жүрсің әрқашан.

Кетпе қасымнан, сенсің асыл ән,
Таң шапағымен гүлсің ашылған

Жалпы, белгілі әндердің авторларының белгісіз жүретіні заңды. Өйткені, жақсы ән авторларынан бұрын тарайды. Ибрагимнің аяулы армандарының бірі – әндерін көпшілікке тыңдатып, елге таныту екен. Несі бар, жақсы ән туып жатса, ол арман да жүзеге асар.

Бекжігіт СЕРДӘЛІ,
ҚР мәдениет қайраткері



Омар Бабаханов. КЕСЕНЕ ҚҰРЫЛЫСЫ



Омар Бабаханов. ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫ